

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 103 (9680) 1955 жылғы 25 май Сәрсенбі

Шығуына 36 жыл,  
және саны 20 тыйын.

## Мектеп өміріндегі аса жауапты кезең

Бүгін мектептер өміріндегі аса жауапты кезең—кластан класқа көшіру және мектеп бітіру емтиханы басталады. Орта мектепті бітірушілер көмелеттік аттестат алу үшін бірінші емтиханды тапсыруға кіріседі. Еліміздің мектептерінің жүз мыңдаған мұғалімдері мен миллиондаған оқушылары аса зор жауапкершілік сезіммен оқу жылың қорытындылайтын кезеңге аяқ басады.

Оқу жылының өткен тоқсандарының қорытындылары мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының барған сайын жақсарып отырғандығын дәлелдейді. Әсіресе жас ұрпақтарды еңбексүйгіштікке, практикалық жұмыстарға тәрбиелеу ісі нақтылы мазмұн алып, мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыруға әзірлік ойдағыдай жүргізілуде. Мектептердің өнеркәсіп орындарымен, колхоздармен, совхоздармен және машина-трактор станцияларымен байланысы барған сайын нығайуда. Бұл жағдай оқушылардың мектепте алған теориялық білімдерін практикада пайдалануына көмектесіне.

Облысымыздың көптеген мектептері аса жауапты кезең—кластан класқа көшіру және мектеп бітіру емтиханына жан-жақты және тыныақты дайындықпен келді. Преснов ауданындағы Преснов орта мектебінің, Соколов ауданындағы Соколовка, Налобин, Краснояр мектептерінің мұғалімдер коллективтері емтиханға дайындық жұмысын ерте бастан қолға алып, оны тыныақты түрде жүргізе алды. Әсіресе жыл бойы өтілген материалдарды пысықтау мен қайталау бұл мектептерде жүйелі түрде жүргізілді. Ал жүйелі түрде жүргізілген қайталау—оқу анасы болып табылатындығы мәлім.

Емтихан—мектеп өміріндегі аса жауапты және ең шешуші кезең. Сондықтан да бұл кезде әрбір мектепте оқушылардың табанды еңбек етуі үшін қажетті жағдайдың толық жасалуының, ал әрбір семьяда оқушылардың уақыт кестесінің дұрыс сақталуының зор маңызы бар. Барлық мұғалімдер мен ата-аналар өздерінің күші-мүмкіншіліктерін оқушылардың емтиханды ойдағыдай өткізуіне жұмсауға тиіс.

Мұғалім—мектептегі басты тұлға. Емтихан кезінде де оларға, әсіресе емтихан

даушы мұғалімдер оқушының білімін бағалау сияқты аса маңызды іске зор жауапкершілікпен қарауға тиіс.

Совет мектебі біздің болашағымыз және үмітіміз—жас ұрпақтарды коммунистік рухта, өз Отанына шын берілгендік рухында тәрбиелейтін қасиетті орын. Сол сияқты ол жоғары оқу орындары үшін болашақ студенттерді ғана емес, өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығы үшін болашақ білімді кадрларды да даярлайтын орын. Өйткені орта мектепті бітірушілердің бірқатары жоғары оқу орындарына аттанса, енді бірқатары еліміз үшін қажетті орта дәрежелі білімдері бар кадрлар даярлайтын қысқа мерзімді курстарға түседі. Ал бірқатар оқушылар мектепті бітіргеннен кейін өнеркәсіп орнына немесе ауыл шаруашылығы өндірісіне барады. Міне, бұл жағдайдың барлығы мектептердің педагогикалық коллективтерінен жас ұрпақтарды еңбексүйгіштікке, практикалық іске тәрбиелеу жұмыстарын көзірі міндеттердің дәрежесіне сай жүргізуді талап етеді. Ал емтихан кезінде мұғалімдер әсіресе политехникалық пәндер бойынша емтихан тапсырушы оқушының өзінің теориялық білімін практикада қолдана білу дәрежесіне баса назар аударулары тиіс.

Емтиханды ұйымшылдықпен және үлгілі өткізуде халық ағарту орындарына да зор міндеттер жүктеледі. Олар мектептерді тек қажетті документациямен ғана қамтамасыз етіп қоймауы керек, сонымен қатар емтихан кезінде өздерінің мектептерімен байланысын бұрынғыдан да нығайтып, оларға басшылықты жақсарту тәсілдері керек. Жасыратыны жоқ, өткен жылы емтихан кезінде облыстық және қалалық оқу бөлімдері мектептермен байланыс жасау ісін тек статистикалық мәлімет алумен ғана тындырды. Ал облыстық оқу бөлімінің № 5 қазақ орта мектебіндегі өкілі Бісқақова жолдас тек алғашқы емтиханда ғана болып, соңғы емтихандарға қатысуды мүлде естен шығарды.

Мектептің комсомол және пионер ұйымдары емтихан кезінде өз жұмыстарын өрістете жүргізулері керек. Бұл жұмыстардың бәрі бір мақсатқа—емтиханды ұйымшылдықпен өткізуге бағытталуы

## СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінде

### 1955 жылы жүгері өндіруді ұлғайтуда колхозшылар мен МТС трактор бригадалары қызметкерлерінің ынталылығын арттыру туралы

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі қаулы етті:

1. Колхозшылар мен трактор бригадалары қызметкерлерінің жүгері өндіруді ұлғайтудағы ынталылығын арттыру мақсатымен колхоздарға жалпы жыйналыстың ұйғаруы бойынша колхозшылар мен МТС трактор бригадаларының қызметкерлеріне олардың еңбеккүшіне тиісті ақыға қосымша собықтарында дөні толық иісіп жетілген, сүтпенің-қамырлаған кезінде сүрленген собықтар мен сүрлемге салынған паясы мен жанғырағын қоса есептегендегі жүгері өнімдерінің 15 процентіне дейін беріп отыру ұсынылсын.

Колхозшылар мен МТС трактор бригадалары қызметкерлеріне тиісті жүгері собығын, сондай-ақ сүрлемді бөлу төмендегі тәртіп бойынша жүргізілсін: әрбір бригадалаға (звеноға) бекітілген алаңнан алынған жалпы өнімінен бөлуге шығарылған жүгері собығы мен сүрлемнің жартысына дейін осы бригада (звено) колхозшылары мен трактор бригадаларының қызметкерлерінің жүгері өсіруде, жыйнаууда және жүгері өнімін сүрлемде ташқан еңбеккүндеріне пропорциональді бөлінеп, ал жүгері мен сүрлемнің қалған бөлігі барлық колхозшылар мен трактор бригадалары қызметкерлерінің колхоздың қоғамдық шаруашылығында жыл басынан бері ташқан барлық еңбеккүндеріне бөлінсін.

2. Колхоздарға жалпы жыйналыстың шешімі бойынша жүгерінің бұдан тұқымын өндірумен айналысатын бригада немесе звено колхозшыларына және трактор бригадаларының қызметкерлеріне олардың екі линияралық бұданды өсіру жөніндегі барлық ережелерді сақтағанын, МТС-тің бас агрономы бекіткен жағдайда—50 процентке дейін, бұданның басқа түрлерін өсіргені және бұданның аталас формаларын көбейткені үшін оларға бекітілген участкадан алынған жүгері собығының —30 процентіне дейін беріп отыру ұсынылсын.

#### Еңбекшілер депутаттары облыстық Совет аткомінде

### Мамлют ауданы колхоздарында малды жазғы жайылымға шығару және сыйырларды лагерьлеп бағуды ұйымдастыру туралы

Облыстық Совет аткомі мал шаруашылығы өнімділігін шұғыл көтеру және мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы түсі-

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ  
УКАЗЫ (1-бет).

СОКП Орталық Комитеті мен  
ССРО Министрлер Советінде  
(1-бет).

Еңбекшілер депутаттарының об-  
лыстық Совет аткомінде (1-бет).

А. Шмидт. — Біздің жүгері егу-  
дегі тәжірибеміз (1-бет).

Қ. Шүдгүлшин. — Жаңа дақыл  
(1-бет).

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бү-  
кілодақтық кеңесіне қатысушылар-  
дың Совет Одағы өнеркәсібінің бар-  
лық жұмысшылары мен жұмысшы  
әйелдеріне, инженер-техник қызмет-  
керлері мен қызметшілеріне Үндеуі  
(2-3-беттер).

А. Сейітбеков. — Балалардың

жазғы демалысы (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: Жұмысшы  
жастардың талабы (3-бет).

Г. Исаков. — Иваново — Возне-  
сенск стачкасының 50 жылдығы  
(3-бет).

П. Гринин. — Халықаралық шоуу  
(4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Біздің жүгері егудегі тәжірибеміз

Біздің колхоздың мүшелері астық ресурсын толықтыру және мал шаруашылығы үшін мол жемісін қорын жасау мақсатымен быыл 450 гектар жүгері егуді жоспарлады. Жүгері егуге топырақты жақсарту жұмыстарына қатысқан бар бөлімді. Қыс айларында бұл жерге өкі бағытта қар суы бөтелді.

Топырақтағы ылғалды сақтау үшін қар еріскен егістік жер тырмаланды және культиватормен өңделді. Бұдан кейін алаң көлденеңінен екінші рет тырмаланып, топырақтың бетін тегістеу үшін ағаш каток жүргізілді.

13 майда топырақтың 8—10 сантиметр тереңдігінің жылдылығы 10—12 градусқа жетті. Бұл кезде біздің агрегаттың мүшелері өздері жүгері егетін алаңды жақсы әзірлеген болатын. Тіпті алаңға бақылау линиялары да тартылып қойылған. Сондықтан агрегаттымыз 13 майда жүгері есбуге кірісті.

Бәзір біздің агрегатта алты адам жұмыс істейді. Агрегат мүшелерінің барлығы да жүгеріні шаршы-ұялап есбудің тәсілдерімен танысады: қолдарынан іе жететін адамдар А. Адам, Н. Сенкин жолдастар алаңның екі жақ шетіндегі бақылау линиясында болады, олар өлшеуші сымды бір орыннан екінші орынға ауыстырып тұрады. Ал орталық линияда бақылаушы Эльза Леммер болады да, өлшеуші сымның түйіні алаңның дәл ортасынан тартылған бақылау линиясына дәл желуін үнемі қадағалайды.

Трактор саяламен алаңның шетіне шығысымен көмекші саялашы дикаваны көтереді, ал мен өлшеуші сымды түйін-қауқыштан босатамын да маркерді жоғары көтеремін. Бұдан кейін трактор бұрылады, осы кезде лебедкашылар өлшеуші сымды екінші орынға ауыстырады. Бақылаушы орталық линиядан ақ жалғушымен сымды көтеруге белгі береді, сымды керуді тоқтату белгісін қызыл жалғушымен көрсетеді. Өлшеуші сым реттеліп болғанша трактор маркер линиясына келіп тоқтайды. Тұқым тасушылар саялаға тұқым тиейді. Мен осы кезде өлшеуші сымды түйінқауқышпен жалғас-

Жүгері бөлу олардың осы участкаға ташқан еңбеккүшіне жүргізілсін. Бұдан тұқым өсіргені немесе бұданның аталас формаларын көбейткені үшін жүгері өндірістік алаңдардан алынған собықтардан берілсін.

3. Колхоздарға жүгеріні өсіру, жыйнау және сүрлеу жұмыстарын жүргізгені және ұйымдастырғаны үшін колхозшылардың жалпы жыйналысының ұйғарымдысы бойынша қосымша ақы беріп отыру ұсынылады:

а) өндіріс бригадасының бригадиріне орта есеппен бригададағы еңбекке жарамды бір колхозшыға тиісті жүгері собығы мен сүрлемінің —150 процентіне дейінгі мөлшерінде;

б) трактор бригадасының бригадиріне орта есеппен трактор бригадасындағы бір тракторшыға тиісті жүгері собығы мен сүрлемінің —150 процентіне дейінгі және оның көмекшісіне —130 процентіне дейінгі мөлшерінде;

в) колхоз председателдері мен агрономдарына (зоотехниктеріне) орта есеппен өндіріс бригадаларының бір бригадиріне тиісті жүгері собығы мен сүрлемінің —130 проценті мөлшерінде.

4. Осы Қаулыға көрсетілген жүгері өсіру, жыйнау және сүрлеу үшін қосымша ақы төлеу еңбеккүшіне авансқа беруге және колхоздың ішкі шаруашылық қажеттеріне бөлінген астықтан тыс, мемлекеттік міндеттемелер бересі астықтың орындалған орындалмағанына қарамастан жүргізілетін болып белгіленсін.

5. Осы Қаулының 1 және 3 пункттерінде көрсетілген қосымша ақыға тиісті жүгері мен сүрлем орнына колхозшылар мен МТС қызметкерлерінің қалауы бойынша басқа өнім немесе колхозшылардың жалпы жыйналысының ұйғарымында бекітілген мөлшерде ақша беріп отыру колхоздарға ұсынылсін.

рын орындауға нұқсан келтіру хаулін тұтқызып отыр.

хоздарға жайылымдарды зағонға бөліп пайдалану тәртібі енгізілсін;

Алаңның Совет аткомі МТС бригадаларының жұмыстарына қатысушылардың



зор жауапты жұмыстар жүктеледі. Ең алдымен мұғалімдер емтихан тапсырушының білімін еді және дұрыс бағалауға тиіс. Бұл жағдайда әсіресе мектеп бітірушілердің білімі менгеру дәрежесіне баса көңіл аударған жөн. Өткен жылдың тәжірибелері бірқатар мұғалімдердің емтихан тапсырушы оқушының білімін бағалауда формализмге жол бергендігін көрсетті. Мұндай фактілер, атап айтқанда, Октябрь ауданындағы Ленин атындағы орта мектепте кездесті. Мәселен, мұнда кейбір оқушылардың мемлекеттік емтиханда қалай да болса жоғары баға алуы күні бұрын қарастырылды. Мұндай фактілерге түзуге болмайды. Сондықтан халық ағарту орындары мен мектеп басшылары бейбітшілік жылы бұл сыяқты жат әрі қылмысты «әдіске» жол бермеулері керек.

Емтихан кезінде оқушының білімін жете бағалаушылық немесе емтихан тапсырушы оқушыға программадан тыс қатап талап қоюшылық сыяқты фактілердің де өткен жылы кездескенін жасыруға болмайды. Мәселен, кейбір емтихан қабылдаушы мұғалімдер оқушыға емтихан тапсырып тұрған пәннің программасынан тыс қосымша сұрақтарды көп береді немесе оқушының сөзін бөліп, састырады. Бұл сыяқты педагогикалық талаптарға қайшы әдіс оқушының білімін анықтауға керісінше әсер етеді. Сондықтан емтихан қабыл-

тис. Емтихан тапсырушы оқушылардың сабаққа алаңсыз дайындалуы үшін оларды қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету, олардың мәдениетті әрі көңілді демалысын ұйымдастыру — мектеп басшыларының, комсомол және пионер ұйымдарының басты міндеті.

Емтихан қорытындысы мектептің педагогикалық коллективінің бір жыл бойы оқу-тәрбие жұмыстарының айнасы болып табылады. Мұнда қол жеткен табыстар мен орын алған кемшіліктер де жай уақыттарыдан әлдеқайда айқын аңғарылады. Халық ағарту орындары мен әрбір мектептің педагогикалық коллективтері емтихан қорытындысын терең әрі жан-жақты талқылап, емтихан кезінде ашылған кемшіліктерді келесі жылы болдырмаудың жолын осы бастан белгілеуге тиіс. Шындығында, педагогикалық кеңесте терең және мазмұнды түрде талқылап, қорытындыланған емтихан нәтижелері келесі оқу жылы үшін есте ұстарлық сабақ бола алады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу ісіне зор маңыз беріп отыр. Жергілікті партия және совет ұйымдары емтиханға ұйымшылдықпен және үлгілі өткізу ісіне жан-жақты көмектесулері керек.

Мектептерде емтиханды ұйымшылдықпен, үлгілі өткізейік!

## Жазушы М. А. Шолоховты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Көркем әдебиет саласындағы аса көрнекті еңбегі үшін, туғанына 50 жыл толуына байланысты жазушы Михаил Александрович Шолохов Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының секретары **Н. ПЕГОВ.**  
Москва, Кремль.  
23 май, 1955 жыл.

## Пар жырту жоспары орындалды

**ТАЛДЫҚОРҒАН,\*** (ҚазТАГ). Шаңханай МТС-індегі Әшімхан Омаров басқарған механизаторлар бригадасы ерте пар жырту жоспарын облыста бірінші болып орындады. Бригада 28 гвардияшылар атындағы ауданның Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде май айында 600 гектар пар жыртты, тырмалады. Тракторшылар Әлімғазиев пен Бекқожанов егіс кезін-

дегі сыяқты пар жыртуда да күн сайын бір жарым нормадан орындады. Осы МТС-тегі Вайгожанов жолдастың бригадасы пар жыртуды аяқтауға жақын.

Алақөл МТС-нің механизаторлары тың және тыңайған жерде 1.200 гектар ерте пар жыртты. МТС қамтуындағы колхоздарда пар жырттырған мың гектар жерге сүрленетін дақылдар бірінші рет егілді.

## Жаңа жерлерге күріш егілуде

**ҚЫЗЫЛОРДА,** (ҚазТАГ). Қызылорда облысының колхоздары жаппай күріш егуді өрістетті, бағалы бұл дақылдың жаңа жерлердегі егіс көлемін едәуір ұлғайтуды. Сырдария ауданының «30 лет Казахстана» және «Первое Мая» ауылшаруашылық артельдері күріш плантацияларын орналастыруға арнап 800 гектардай тың игерді. Егістікті суару үшін колхозшылар

ұзындығы бір километр Сұлутөбе каналын әзірледі. Жаңақорған ауданының «Красная звезда», «Екпінді», Молотов атындағы колхоздары Төменарық МТС-і механизаторларының көмегімен күріш егісіне арнап 700 гектар тың жер көтерді.

Өткен жылдағымен салыстырғанда облыстағы күріш егісінің көлемі бір мың гектар артты.

митетінің январь Пленумы алағай қойған міндеттері шешуде малды жазда бағуды дұрыс ұйымдастырудың, малды бүкіл жаз бойы балғын шошпен, құнарлы азықпен тойындыра азықтандырудың зор маңызы бар деп атап көрсетті.

Бірақ Мамлют аудандық Совет атқомі, осы аудандағы МТС директорлары мен колхоздардың басқармалары соңғы бірнеше жылдарда бұл аса маңызды шараларға жеткілікті көңіл аудармай келді, осының салдарынан қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі күрт кеміді. Егер ауданда 1950 жылы әрбір сыйырдан 1523 литр сүт сауылса, 1954 жылы әрбір сыйырдан сауылған сүт 1267 литр болды, сондай-ақ әрбір қойдан қырқылған жүн мөлшері де азайды.

Ауданда мал басын көбейту мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жұмыстарының өрескел артта қалуына қарамастан, аудандық Совет атқомі, МТС директорлары, колхоз басқармалары болған кемшіліктерден қорытынды шығармады, малды жазда бағуды дұрыс ұйымдастыруға және өнім малдарын тойындыра азықтандыруға шаралар белгілемеді. Ауданның көптеген колхоздары осы уақытқа дейін малды жазда бағудың жоспарын жасамаған, жайылымдықтарды үнемді, тиімді және дұрыс пайдалану мәселелері ойластырылмаған, мал табынға, гуртқа, отарға бөлінбеген. Жайылымдар табындарға, гурттарға, отарларға бөлініп берілмеген, мал фермалары кадрлармен қажетінше толықтырылмаған.

Молотов атындағы колхозда бір гуртта әр жастағы 200 сыйыр, бір отарда 1089 қой бағылады. Малды гурттарға, отарларға бөлуді дұрыс ұйымдастырмау ауданның басқа колхоздарында да кездеседі. Сондай-ақ малды жайылымдарда тәулік бойы бағу ұйымдастырылмаған.

Агрономдар, зоотехниктер, МТС-тер мен колхоздардың басқа да басшылары мал-азығындық дақылдарды себуді нашар басқарады, МТС-терде, колхоздарда көкшөп конвейерінің схемасы жасалмаған, мал-азығындық дақылдарын себу малды толық қанағаттандырылықтай мөлшерде жоспарланбаған, сондай-ақ біржылдық шөп пен сүрленетін дақылдар егісін күтіп-баптаудың агротехникасы анық белгіленбеген.

Колхоздарда мал күтуді ұйымдастырудағы өрескел кемшіліктер аудандық Совет атқомінің, МТС директорларының, олардағы мамандардың мал шаруашылығына істі жете білумен басшылық етпейтіндерін көрсетеді. Мұның өзі колхоздардың мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі 1955 жылға белгілеген шарала-

лары мен колхоз басқармалары әсіресе малдың қыста қолда күтумен жайылымда бағуға ауысу кезеңінде мал шаруашылығына басшылық етуді және бақылауды төзгісіз босаңсытты. Осының салдарынан май айы ішінде сыйырлардан сүт мейлінше аз сауылды. Дайындау органдары сүт дайындау ісін ойдағыдай ұйымдастыра алмай келеді.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомі Мамлют аудандық Совет атқомінің председателі Жадаң жолдас, Вильямс атындағы, Чапаев атындағы, Интернационал МТС-терінің директорлары Галимов, Богданов, Горохов жолдастар малды жазда бағуды нашар ұйымдастырып, көкшөп конвейерін жасау, құнарлы дақылдар себу шараларына жауапсыз қарап келді деп тауып, олардан бұл өрескел кемшіліктерді қысқа мерзім ішінде жоюдың шұғыл шараларын белгілеуді және колхоздарда 1955 жылы мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде белгілеген шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді талап етті.

Мамлют аудандық Совет атқоміне, МТС директорларына, бас зоотехниктері мен бас агрономдарына және колхоз басқармаларына жазғы жайылымды, сыйырды қолда және жартылай лаверьмен бағуды ойдағыдай ұйымдастыруға ерекше назар аударып отыру ескертілді және осы мақсатпен олар мынаған міндеттелді:

Таңауды күндерде малды жынысына, жасы, қоңдылығы, денсаулығы жөніндегі ерекшеліктерін ескере отырып гурттарға, отарларға және табындарға бөлу аяқталсын, сауын сыйырлар ерекше күтімге қойылсын. Малды гурттарға бөлгенде бір гуртта болуға тиіс мал санының нормасы сақталсын;

әрбір гурттың, отардың, табынның жазда бағылу ерекшеліктеріне сәйкес, барлық өнім малы табиғи шабындықтар мен егілген дақылдар есебінен балғын шошпен қамтамасыз етілсін. Жазғы маусымға әрбір гурттың жұмыс күні төртбі белгіленіп, олардың қалтқысыз жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін;

колхоздардың табиғи жайылымдықтары мен шабындықтары зерттелсін. Малды сумен қамтамасыз етуді еске ала отырып, жайылымдықтар фермаларға, жеке гурттарға, отарларға және табындарға бөлінсін. Колхозшылардың жеке меншігіндегі малы үшін қажетінше жайылымдық учас-ток белгіленсін.

Табиғи жайылымдықтарды неғұрлым тиімді пайдалану мақсатымен барлық кол-

жасау дереу қолға алынсын, жаппалар отықтармен, басқинтермен жабықталсын. Сол сыяқты жазғы лагерлердегі малындар тұрғын үймен қамтамасыз етілсін, сүт қабылдайтын орындар жабықталсын.

Мамлют аудандық Совет атқомінің председателі Жадаң жолдастың ауданда көкшөп конвейері үшін бірінші кезекте 978 гектар қара бидай, 725 гектар сұлы, 726 гектар жүгері, екінші кезекте 751 гектар сұлы, 526 гектар жүгері және 2374 гектар суданқа мен экзарцет егіледі деген мәлімдемесі еске алынды.

Облыстық Совет атқомі аудандық Совет атқомдерін, МТС директорларын, колхоз басқармаларын көкшөп конвейері үшін дақылдар егудің мөлшерін әрбір гуртқа, отарға және фермаға тағайындалған табиғи жайылымдықтардың мөлшеріне және олардың құнарлылығына қарай, малды көкшөппен қажетінше және бүкіл жаз бойына қамтамасыз етерліктей мөлшерде белгілеуге колхоздарда мал азығын толықтырудың қосымша қайнар көзі болып табылатын азықтық қорбыз бен қауын егуге ерекше назар аударуға міндеттеді.

Аудандық Совет атқомдеріне, МТС директорларына, колхоз басқармаларына гурттарды, отарларды қажетті мөлшерде бақташылармен, шопандармен, сауыншылармен, бузау, шошқа күтушілермен толықтыру, олардың арасында арнаулы тақырыпшалар бойынша малды жазда күтудің зоотехникалық ережелері туралы сабақ өткізілуін ұйымдастыру тапсырылды. Аудандық Совет атқомдері, МТС директорлары, селолық Советтер, колхоз басқармалары, май дайындау мекемелері сыйыр саууды, сүттің есебін алууды дұрыс жүргізуге міндеттелді.

Облыстық Совет атқомі аудандық Совет атқомдерін, еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық, поселкелік Советтерін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 11 январьдағы «Колхоздар мен совхоздарда егісті таптағандық үшін жауапкершілік туралы» Указына байланысты шабындықты және көкшөп конвейері үшін себілген дақылдар егісін басып таптауға қарсы күресті күшейтуге міндеттеді.

Барлық аудандық Совет атқомдеріне малды жазда бағуды ұйымдастырудың және мал шаруашылығы өнімдерін арттырудың жоспарларын МТС директорлары мен колхоз председателдері қатыстырылған аудандық Совет атқомдерінің отырыстарында қарау тапсырылды. Сол сыяқты бұл мәселелерді МТС-тер мен совхоздарда да талқылау қажет деп көрсетілді.

жезде мен диоканы да түсіремін. Бұлай кейін агрегат ілгері қозғалады. Осы жұмыстарға алғашқы кезде біз жеті минут уақыт жұмсап жүрдік, ал соңғы кезде бұл уақытты төрт минутқа дейін қысқарттық. Уақытты бұлайша үнемдеу біздің агрегаттың таң атқаннан күн батқанға дейін 15—18 гектар алаңға жүгері егуді қамтамасыз етті.

Бірақ бұл табыс бізді қанағаттандырмады. Еңбек өнімділігін бұдан да арттыра түсудің жолын ізестірдік. Агротехниктері сеялқаның жұмыс істеуін тыңғылықты зерттей отырып, трактордың жүрісін шапшаңдата түсуді ұйғарды. Дегенмен «СНГ—6» сеялқасын сүйрейтін «Универсал» тракторының ең жоғарғы жылдамдығы 1200 метр қашықтықты 30—35 минут жүретін болды. Біз бұл уақытты өзі де қысқарта түсуді көздеп, колхоз председателі Шелкунов, агроном Антонкин жолдастардың көмегімен сеялқаны сүйреуге «Белорусь» тракторын алдық. Бұл трактор 1200 метр қашықтықты 20—23 минутта жүріп өтеді. Сеялқаның жүру жылдамдығын арттыру агрегатшылардың күнлік жұмыс өнімділігі 25 гектарға дейін жетуді, басқаша айтқанда «СНГ—6» машинасының күндіз нормасының екіжарым есе артық орындауына жетті.

А. ШМИДТ,

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоздың «СНГ—6» сеялқасының машинисі.

## ЖАҢА ДАҚЫЛ

Воровский атындағы колхозда (Ленин ауданы) жүгері бйылы бірінші рет егіліп отырған жаңа дақыл. Жүгері өсірушілер звеносының бастылығы Рамазанов, Бұқтыяров жолдастар тағайындалды жаңа іс болғандықтан бастапқы кезде көп қиындыққа кездессе де, ұзамай Бұқтыяров жолдас жүгері егуге әзірлік ісін жақсы ұйымдастырды. Звено мүшелері «СНГ—6» сеялқасының жұмыс істеу принципімен таныды. Жаңа машинаны тез игеруде колхозшыларға Ильич МТС-нің механизаторлары Г. Бронгат жолдас зор көмек көрсетті.

Жаңа іске жақсы өзірленген, жаңа машинаны толық меңгерген механизаторлар мен колхозшылар бұл күндері жүгері отырғызуды мейлінше қарқынды жүргізуде. Тек «СНГ—6» сеялқасымен күніне 20 гектар жүгері отырғызылуда.

Жүгері отырғызуға орта мектептің оқытушылары мен оқушылары қатыстырылып жүр. Осының нәтижесінде колхозда екі күнде қолмен 32 гектар алаңға жүгері отырғызылды.

Қ. ШҰҢҒҰЛШИН.



# Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Совет Одағы өнеркәсібінің барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне

## Ү Н Д Е У І

### Қымбатты жолдастар!

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне жыйналып, Кремльде басқосқан біздер Коммунистік партияның басшылығымен Совет Одағының қаһарман жұмысшы табының, колхозшы шаруаларының және интеллигенциясының халық шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға жеткенін мақтанып сезіммен атап көрсетеміз.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жылдан-жылға ұлғайып, еңбек өнімділігі үздіксіз артуда, шығарылатын бұйымдардың сапасы жақсарып, өзіндік құны кемітілуде. Үстіміздегі жылы өнеркәсіп өнімін шығару 1950 жылдың дәрежесінен 80 процент, ал соғысқа дейінгі дәрежеден — 3 еседен де асып түседі. Өнеркәсіп өнімінің көлемін арттыру жөніндегі бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмасы орындалып қана қоймай, сонымен бірге асыра орындалады.

Біз социалистік экономиканың негізі — ауыр индустрияның табыстарын ерекше қанағаттанған сезіммен атап көрсетеміз. Көзіргі уақытта ауыр өнеркәсіп өнімді 1940 жылғыдан 3,5 есе артық өндіруге; біздің елімізде, соғысқа дейінгіден, шайын — 2 есе, болат — 2,3 есе, көмір — 2,1 есе, мұнай — 1,9 есе, электр қуаты — 3 есе дерлік, машиналар мен жабдықтар — 4 есе артық шығарылуда.

Ауыр индустрияның қарымшап өрте басуы жеңіл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуді қамтамасыз етуге, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын үнемі арттырып отыруға мүмкіндік береді.

Атом қуатын пайдалану саласындағы күрделі міндеттер ойдағыдай шешілуде. Біздің Отанымыз атом қуатын дүние жүзінде бірінші болып бейбіт мақсаттарға қолдана бастады.

Социалистік экономиканы өркендетудегі зор табыстарға қуана отырып, біз, совет адамдары қол жеткен табыстарға қанағаттана алмаймыз және жайбарақаттануға жол бермейміз. Біздің алдымызда тарихи маңызы орасан зор міндет — коммунистік қоғам орнату міндеті тұр, бұл міндетті жүзеге асыру еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беруді талап етеді.

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде біздің өндірісті ұдайы өсіре беру жолдарын жан-жақты талқыладық, жұмысымыздағы кемшіліктерді және орасан зор резервтерді совет адамдарына тән нағыз тұрашылықпен аштық, бұл резервтерді халық шаруашылығын онан әрі шұғыл өрте бастыру мүдделері үшін пайдалануға болады және олар пайдаланылуға тиіс.

Басты кемшілік мынада болып отыр: жұмысты жоғары дәрежеге ұйымдастыру және техниканы дұрыс пайдалану нәтижесінде еңбек өнімділігін анағұрлым арттырып отырған таңдаулы кәсіпорындар мен өндіріс жаңашылдарының тәжірибесі нашар таратылып отыр және әлі күнге дейін өнеркәсіптің барлық қызметкерлерінің игілігіне айналдырылмай отыр.

Бізде техниканы ойдағыдай меңгеріп, өз жұмыстарының тәсілдері мен әдістерін үздіксіз жетілдіріп отырған, өнеркәсіп өнімдерін көп шығаруға мүмкіндік беретін жаңа резервтерді үсті-үстіне ашып, пайдаланып отырған озат кәсіпорындар және өндірістің тамаша жаңашылдары көп. Олар өнеркәсібімізді ұдайы алға бастыра беру жолдарын өздерінің өнерімен айқын көрсетіп отыр. Алайда, мұнымен қатар өнеркәсіптің бірешыра кәсіпорындары мен кейбір салаларының жұмыс көрсеткіштерінің орташа дәрежесі озат кәсіпорындардың жұмыс көрсеткіштерінің дәрежесінен едәуір төмен болып келеді. Ол алма, бізде тіпті біздің өнеркәсіп жұмысының орташа көрсеткіштеріне де жете алмай отырған бригадалар, цехтар мен участоктар, фабрикалар мен заводтар аз емес.

Мұның себебі немістен? Бізде еңбек өнімділігін жоғары дәрежеге арттырудың және өндірісті тиімді ұйымдастырудың тамаша еңегелері бола тұрса да, сонымен бірге еңбекті ұйымдастыру және техниканы пайдалану дәрежесі төмен, артқа қалушы кәсіпорындардың болуына қандай себептер бар?

Мұның себебі мынадан: біз озат кәсіпорындар мен өндіріс жаңашылдарының табыстарын нашар зерттеп, нашар қорытамыз, олардың тәжірибесін бүкіл өнеркәсіпке жеткілікті таралмай келеміз. Егер біз таңдаулы кәсіпорындар мен өндіріс жаңашылдарының жұмыс әдістерін ең қысқа мерзімде меңгеруге, артқа қалған шахталарды, кәсіпшіліктерді, фабрикалар мен заводтарды озаттардың дәрежесіне жеткізуге, арнап бейімдеу және кооперациялау әдістерін, сонымен қатар прогрестік өлең-

резервтерін металл шығаруды молайту үшін толығымен пайдалануға шақырады. Еңбектің озат әдістері мен прогрестік технологияны — металлургия пештерінде оттегін пайдалану процесін және отқа мейлінше төзімді материалдар қолдану әдісін, прокат цехтарында прокаттаудың тиімді калибрлерін және жұмыстың көгеріпкі шапшаңдығын, рудниктерде кен өндірудің ең өнімді системаларын өндіріске қажырлылықпен енгізіңдер. Рудалардан металды барынша мол және толық алу дәрежесіне жетіңдер, шикізатты комплексті пайдаланыңдар. Өнім сапасын жақсартыңдар, болат маркалары мен прокат профильдерінің жаңа, неғұрлым үнемі түрлерін өндіруді тезірек игеріңдер, шикізат пен материалдардың шығынын азайтыңдар.

Көмір өнеркәсіпін өркендету озат адамдарымен даңқты. Көмір өнеркәсібінде бір-жезде Стаханов қозғалысы — жоғары еңбек өнімділігі жолындағы қозғалыс туған еді. Көзіргі уақытта озат лавалар мен шахталардың шахтерлері, инженерлері мен техниктері көміршілердің даңқты дәстүрін дамыта отырып, өндірісті дұрыс ұйымдастыру және техниканы тиімді қолдану арқылы жоғары еңбек өнімділігіне жетісуде.

Донбастағы алдыңғы қатарлы «Западная—Капитальная» шахтасының шахтерлері еңбекті және өндірісті ұйымдастыруды үнемі жетілдіру, тазалау забойларында комплексті бригадалар құру, көмір шығару жөніндегі лаваларда бір еменалық жұмыс режимін енгізу және цикл алу графиктерін қатаң орындау нәтижесінде соңғы 4 жыл ішінде көмір өндіруді 55 процент ұлғайтты, еңбек өнімділігін бір жарым есе арттырды және көмірдің өзіндік құнын 26 процент кемітті.

Социалистік Еңбек Ері Иван Бридыко басқарған Дөнең шахтасының Димитров атындағы №5—6 участкасының алдыңғы қатарлы коллективінің табыстары кеңінен мәлім. Бридыко жолдастың басқаруымен шахтерлер коллективі көптеген жыл бойына забойларды мезгілінде және сапалы дайындаудың, еңбекті дұрыс ұйымдастырудың және техниканы дұрыс пайдаланудың нәтижесінде тапсырманы үнемі артығымен орындап, жұмыста жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді.

Калинин атындағы №5—6 шахтада (Донбаста) Иван Пилипенко және Петр Гуляшовтың бригадалары проходкалау және стволды тұрақты бекіту жөніндегі жұмыстарды бірізгілікте қатарынан атқару бригадаларында еңбекті тыңғылықты ұйымдастыру және кен техниканы дұрыс пайдалану есебінен бір ай ішінде 202 метрлік стволдың бойымен жүріп өтті, ал бұл уақытта Көмір өнеркәсіп министрлігі бойынша тік стволдарды проходкалаудың айлық орташа жылдамдығы бұдан көп төмен болды.

Алайда көмір өнеркәсібіндегі алдыңғы қатарлы шахталар мен өндіріс жаңашылдарының тәжірибелері нашар зерттеліп, таратылуда. Осының салдарынан жаңа техниканың мол болуына қарамастан, көмір өнеркәсібінде еңбек өнімділігі баяу өсуде. Көптеген шахталар мен лаваларда жоғары өнімді техника нашар пайдаланылуда, шахтерлердің еңбегі қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Осының нәтижесінде көптеген шахталар көмір өндіру жоспарын орындамайды және елімізге көмірді едәуір мөлшерде кем береді.

**Жолдастар, шахтерлер, көмір өнеркәсібінің инженерлері мен техниктері!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерді халық шаруашылығының көмірге деген қажетін толық қанағаттандыру үшін шапшаң және батыл шаралар қолдануға шақырады. Барлық шахталар мен көмір разрездерінің өндірістік жоспарды орындауына жетісіңдер. Белдерді прокаткалау және забойлардың ашылатын линиясын ілгері бастыру қарқынын тездетіңдер. Кен техниканы пайдалануды барынша жақсартыңдар, еңбек өнімділігін арттырыңдар, шығарылатын көмірдің өзіндік құнын кемітіп, сапасын жақсартыңдар, барлық шахталарда, лавалар мен забойларда еңбек ұйымдастырудың озат әдістерін батыл таратыңдар, оларды цикл алатын жұмыс тәртібіне тезірек көшіріңдер.

Мұнай өнеркәсібінде озат кәсіпшіліктер мен өндіріс жаңашылдары еңбек өнімділігін арттыруда және мұнайды көп шығаруда едәуір табыстарға жетіп отыр.

Туймаза мұнай кәсіпшілігі басқармасының коллективі, мұнай шығарудың озат әдісін — мұнайды жер қабаттынан сумен айдап шығу әдісін кеңінен қолдана отырып, бесінші бесжылдықтың өткен жылдарында мұнай шығаруды екі есе арттырды. Туймаза мұнайшылары өткен жылдың өзінде ғана жоспардан тыс 102 мың тонна мұнай берді. Бұл басқарманың кәсіпшіліктерінде еңбек өнімділігі, мұнай өнеркәсіп министрлігі бойынша орта есеппен алғандағыдан, үшқарым есе артық, ал мұнай

шыға өнімдер өндіру, мысалы, Москваның Сталин атындағы автомобиль зауытының ұсталық цехындағыдан 2,5—3 есе кем болып отыр.

Өндіріс жаңашылдары, металл өңдеу әдістерін жетілдіре отырып, машинаны жасау өнеркәсібімізде өлі де қандай зор резервтер бар екенін айқын көрсетуде. Киевтегі «Красный экскаватор» зауытының тоқарі Виталий Семинский соңғы жылдарда еңбек өнімділігін арттыратын және өнімнің сапасын жақсартатын, әртүрлі аспаптар мен тетіктердің 50-ден аса конструкциясын жасап берді. Семинский жолдастың көп бұйымдықты біліктерді өңдеуге арналған тетігі осы бөлшекті өңдеуге жұмсалатын уақытты 15 есе қысқартуға мүмкіндік берді.

Москваның «Красный пролетарий» станок жасау зауытының тоқарі Николай Кузьмин, өз конструкциясы бойынша жасалған аспапты — металды алдын-ала қашауға арналған, сыртына қарай теріс айналып тұратын үлкен бұрыштары бар металл жоңғыштардың және металды таза өңдеуге арналған, жонатын және жалпақ аспаптар жоңғыштарды пайдалана отырып, айналымы станокта өте шапшаң және металды қалың жонып, жұмыс істейді. Ол сонымен бірге өзінің ұеміне бойынша жасалған көп ұялы тетіктерді қолдану және станокты жетілдіру есебінен қосымша уақытты азайта отырып, айналымы станокта істейтін басқа тоқарылардың да еңбек өнімділігін 2,5 есе арттырды.

**Жолдастар!** Машина жасау өнеркәсібі индустрияның негізгі өзегі болып табылады. Бұдан былайғы техникалық прогресс, өнеркәсіптің техникалық дәрежесін арттыру, өндіріс процесстерін автоматтандыру, еңбек өнімділігін ұдайы арттыра беру және халық шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өрте бастыру міндеттерін ойдағыдай шешу едәуір дәрежеде машина жасау өнеркәсібіні өркендеуіне қарқынды байланысты. Мұның өзі машина жасаушыларға ерекше жауапкершілік жүктейді.

**Машина жасау өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері, техниктері және қызметшілері!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерге арнаулы сөзін айтып, өндірісті ұйымдастыру әдістерін жетілдіруге, машиналар мен жабдықтар жасаудың технологиялық озат процесстерін неғұрлым батыл енгізуге, өндіріс қуаттарын пайдалануды жақсартуға, қолда бар өндіріс алаңдарынан және әрбір жабдық өлшемнен өнім алуды арттыруға шақырады.

**Машина жасау өнеркәсібінің қызметкерлері!** Біз, кеңеске қатысушылар, сіздерді көмір, мұнай, металлургия, химия және ағаш өнеркәсібіне, электр станцияларына арналған, машина жасау кәсіпорындарын, жеңіл және тамақ өнеркәсіпорындарын, ауылшаруашылығын, құрылысты және транспортты жабдықтауға арналған мол өнімді жұмыс істейтін жаңа машиналар мен жабдықтар жасау ісін игеруді тездетуге, сонымен қатар жабдықтарды жөндеуге керекті запас бөлшектерді бір орталықтатып шығаруды арттыруға шақырамыз. Машиналардың типтерін үздіксіз жетілдіре беріңдер, халық шаруашылығының барлық салаларындағы өндірістік процесстерді комплексті механикаландыруды және автоматтандыруды қамтамасыз етуге арналған машиналар, жабдықтар және приборлар шығаруды арттырыңдар.

Еңбек өнімділігін арттыру жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа жеңіл өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, жұмысшы әйелдері және инженер-техник қызметкерлері белсене қатысуда. Жеңіл өнеркәсіптің озат кәсіпорындары мен өндіріс жаңашылдары, өз жұмысының өдістерін жетілдіре отырып, қолда бар жабдықтар мен өнім шығаруды үнемі арттыруда және көзіргі кәсіпорындардың резервтерін пайдалануды жақсарту жолымен көпшілік тұтынатын товар өндірудің мөлшерін қалай ұлғайтуға болатынын көрсетуде.

Барнаул мақта-мата комбинатында әрбір станокпен сағатына тоқылған мақта Калининдегі «Пролетарка» мақта-мата комбинатындағы осындай станоктармен тоқылған осындай маталардан 18,5 процент артық болып отыр. Владимир облысындағы Володорский атындағы фабрика қызметкерлері коллективі сица мен мақта-мата арқауын (миткаль) тоқыптын тоқыма станоктарының ең жоғары жұмыс өнімділігіне жетті. Егер біз осы матаны тоқып шығаратын фабрикаларда тоқыма станоктарының жұмыс өнімділігін Володорский атындағы фабрикада қол жеткен дәрежеге жеткізген болсақ, онда осы фабрикалардың өзіндегі жабдықтармен жылына қосымша 30 миллион метрге дейін арқау тоқуға болар еді.

Жетіл өнеркәсіпте еңбек өнімділігін анағұрлым арттырып отырған көптеген тамаша өндіріс жаңашылдары бар.



керлерінің назарын баса аударған болсақ, біз орасан зор резервтерді іске қосқан болар едік және талудағы уақытта көзіргі кәсіпорындардың қуаттарын пайдаланды жақсарту есебінен еңбек өнімділігін мықтап арттыруды, өнімді көп шығаруды, өндірістің айналым шығындарын едәуір азайтуды және өнімнің өзіндік құнын кемітуді қамтамасыз еткен болар едік.

**Қымбатты жолдастар!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде озат кәсіпорындардың өнімдері мен өндіріс жаңашылдары өздерінің табыстары мен жетістіктері туралы, өз жұмыстарының әдістері туралы айтты. Бұл жетістіктер өнеркәсіптің барлық қызметкерлерінің игілігіне айналуда тиіс.

Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста Магнитогор металлургия комбинатының коллективі тамаша табыстарға жетті. Комбинатта бір жұмысшыға өнім өндіруде ең жоғары, қара металлургия министрлігінің барлық кәсіпорындарындағы өнім өндірудің орташа дәрежесінен — шойын жөнінде 3,5 еседен де және болат жөнінде—2 еседен де асып түсетін дәрежеге қол жетті.

Кузнецк металлургия комбинатының 370 тонналық № 1 мартен пешінің коллективі 1954 жылы пеш табанының әрбір шаршы метрінен 9,5 тонна болат алуға жетті және Магнитогор металлургия зауытының қуаты осындай № 9 пешінің болат қорытушыларының берген болатынан 40 процент артық болат қорытты.

Қара металлургияда жоғары өндірістік көрсеткіштерге жету жолындағы күресте «Запорожсталь» зауытында 185 тонналық мартен пешінде істейтін жас болат қорытушы Григорий Помятун озып шықты. Бұл пеш 1955 жылдың бірінші ретінде қосылды және «Запорожсталь» зауытының басқа пештерінен 9 процент артық берді. Болат қорыту процесін жеделдету үшін оттегіні қолдана отырып, Помятун жолдастың бригадасы 1954 жылы өзінің пешінде болатты, Мәскевқа металлургия зауытында оттегіні қолданбаған қуаты осындай пешке қорытылған болатпен салыстырғанда, 60 процент артық қорытты.

Первоуральск жаңа труба зауытының мастери Иван Чурсиновтың бригадасы үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында труба прокаттау станьының сағаттық жұмыс өнімділігін 11 процент дерлік арттырып, оның басқа тұруын басқа заводтардың осындай агрегаттарымен салыстырғанда екі еседен аса кемітті.

Магнитогор металлургия комбинатының домнашылары, домна өндірісінде темір рудаларын орташа сапаға келтіру әдісін, қоспа агломератты, колошник астындағы газдың күшті қысымын, қатты көрнеген күшті қызуды және ұдайы болып тұратын ылғалды комплексті қолдану нәтижесінде, көзіргі домна пештерінде шойын қорытуды едәуір арттырды.

Болатты шапшаң балқыту ісін кеңінен өрістетуге, мартен пештерінің көпшілігін екі есе артық өнім шығаруға көшіру, отқа төзімді хром-магнетит қолдану және басқа озат технологиялық әдістерді енгізу Кузнецк және Магнитогор комбинаттарының коллективтеріне мартен пештерінің жұмыс өнімділігін жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз етуге және болат қорытуды мықтап арттыруға мүмкіндік береді.

Түсті металлургия министрлігінің Ертіс полиметалл комбинатының коллективі технологиялық процестерді жетілдіру және руда шығарудың неғұрлым өнімді әдістерін қолдану есебінен бесінші бесжылдықта руда шығаруды, өңделмеген мыс өндіруді екі есе арттырды. 1954 жылы комбинат өнімнің өзіндік құнын кемітуде жоспардан тыс 11 миллион сом қаржы үнемдеді.

«Электроцинк» зауытының коллективі жұмыста едәуір табыстарға жетті. Рудалардан комплексті түрде металл алуды жылдан-жылға арттыра отырып, завод бесінші бесжылдықтың ішінде мырыш пен қорғасын шығаруды екі есе арттырды және жоспардан тыс 3,2 мың тонна мырыш, 2 мың тонна қорғасын берді.

Түсті металлургияның көп кәсіпорындарында жаңашыл озат жұмысшылар, жаңа техниканы ойдағыдай меңгеріп және цикл алу графигі бойынша жұмыс істеу әдісін кеңінен енгізе отырып, еңбек өнімділігін едәуір арттыруға жетті. Чорух-Дайрон руда басқармасының проходчиктер бригадирі Михаил Нагорный осы руда басқармасы бойынша айлық прокаткалаудың орташа дәрежесі 25 метрден аспайтын болса, ол айына 75 метрге дейін прокаткалау шапшаңдылығына жетіп отыр. Ханчераңгян комбинатындағы прокатчиктер бригадаларының бригадирлері Василий Федотов пен Яков Харлашин, осы комбинат бойынша прокаткалау шапшаңдылығы ерта есеппен 42 метр болып отырғанда, олар айына 100 метрге дейін прокаткалау шапшаңдылығына жетуде.

III интернационал атындағы руда басқармасының забой бригадасының бригадирі Николай Колесневтің бастамасы бойынша забой алаңының әрбір шаршы метрінен руданы мейлінше көп шығару жолында қозғалыс басталды. Колеснев жолдастың бригадасы тәулігіне үш цикл орындауға жетіп, өндірістік тапсырмаларды біржарым-екі есе асыра орындап келеді.

**Металлургия өнеркәсібінің қызметкерлері!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі, сіздерді озат кәсіпорындарының, өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін кеңінен таратуға, домна, мартен, болат қорыту және отражатель пештерінің, прокат стандарты мен басқа агрегаттардың жұмыс өнімділігін арттырудың қолда бар

ресурстарының барлығын қолдануға үміттенеміз.

«Татнефть» бірлестігіндегі мастер Мугалим Гимазовтың бұрғылау бригадасы, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, бұрғылаудың көтеріңкі режимдерін қолдану және өзіндік жұмыстарын мезгілінде жүргізу арқасында, бір жылдың ішінде жоспардан тапсырмала көзделгендегіден 2 есе артық скважина бұрғылады. Бұрғылау жұмысында басқа бұрғылау мастерлері де еңбектің мол өнімді, министрлік бойынша алғанда орташа көрсеткіштерден едәуір артық түсетін жоғары еңбек өнімділігіне жетісуде. Алайда министрлік олардың жетістіктерін нашар қорытындылайды және олардың жұмыс әдістерін барлық бұрғылау бригадаларының игілігіне айналдырмайды. Мұнай өнеркәсіп министрлігінің бұрғылау жұмыстарының жоспарын жылма-жыл орындамай отырған себебі де осыдан.

**Мұнай өнеркәсібінің қызметкерлері!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерді мұнай шығаруды арттыруға, мұнай өнімдерін өндіруді молайтып, олардың сапасын жақсартуға шақырады. Геологиялық-барлау жұмыстарын қажырлылықпен өрістетіңдер, жаңа кендерді ашыңдар, скважиналарды прокаткалаудың шапшаң әдістерін табандылықпен енгізіңдер. Мұнай шығарудың озат әдісін—мұнайды жер қабатынан сумен айдап шығу және скважиналарды екінші рет пайдалану әдістерін кеңінен қолданыңдар. Мұнайды қайта өңдеудің прогрестік процестерін қажырлылықпен енгізіңдер, жұмыс істейтін қондырғылардың жұмысын үнемі жетілдіріп отырыңдар, мұнай өнімдерінің жаңа сорттарын өндіру ісін тезірек меңгеріңдер.

Химия өнеркәсібінде бірқатар кәсіпорындарда технологиялық процестерді жеделдету жөнінде едәуір жұмыс жүргізіліп, мұның өзі өнім өндіруді арттыруға мүмкіндік берді.

Воскресенск химия комбинатының мастери Петр Кривошейкин ұсынған, колчедан күйірудің тиімді әдісін кейбір заводтарда қолдану 1954 жылы жоспарға қосымша 80 мың тоннадан аса күкірт қышқылын өндіруге мүмкіндік берді, мұның өзі жаңа заводты пайдалануға берумен тең болды. Алайда озат кәсіпорындар мен өндіріс жаңашылдарының тәжірибесі нашар таратылуда. Химия өнеркәсібінің қызметкерлері химия өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру мәселелерімен әлі де нашар шұғылданып, олардың сапасын жақсартуға ойдағыдай көңіл бөлмей келеді.

**Химия өнеркәсібінің қызметкерлері!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерді химия өнімдерінің жаңа түрлерін өндіруді неғұрлым тез ұлғайтуға, олардың сапасын арттыруға, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын өндіріске қажырлылықпен енгізуге, өндіріс процестерін жеделдету және автоматтандыру жұмыстарын батыл жүргізуге, каучук, синтетикалық майлар, жасанды торқа, пластикалық бұйымдар және басқа химикаттар өндіру үшін көмір мен мұнайды қайта өңдеуден түсетін қосалқы өнімдерге, сонымен қатар табиғат газдарын толық пайдалануға шақырады.

Энергетика халық шаруашылығының аса маңызды саласы болып табылады. Жаңа экономикалық аудандарды игеру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыру, ең алдымен, елімізді электрлендіру ісін өркендетуге байланысты. ССРО-да электр станцияларының қуаты және электр қуатын берергі линиялардың ұзындығы жылдан-жылға артып келеді, бірақ бұлардың өсу қарқыны жеткіліксіз болып, мұның өзі халық шаруашылығының көп салаларын өркендетуді тежеп отыр.

**Энергетик жолдастар!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерді жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосу қарқынын арттыру мақсатымен энергетикалық объектілерді пайдалану және салу ісінде жаңа техника мен жаңа әдістерді неғұрлым толық қолдануға шақырады. Электр станцияларындағы жаңа турбиналардың, котелдердің, электр жабдықтары мен басқа агрегаттардың жобалағы техникалық-экономикалық көрсеткіштерін мейлінше тез игеру жөніндегі озат кәсіпорындардың тәжірибесін кеңінен пайдаланыңдар, жоспардан тыс өнім үнемдеуге жетіңдер. Электр станциялары мен электр жүйелерінің тыңғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз етіңдер, халық шаруашылығының барлық салаларын электрмен жабдықтау ісін жақсартыңдар.

Машина жасауда еңбек өнімділігін арттырудың зор резервтері бар. Дайындау цехтарының құю және ұста цехтарының машина жасау кәсіпорындарында өнім шығаруды арттыруды көбінесе тезірек келгендігі белгілі. Кәсіпорындар мен министрліктердің көптеген басшылары құю және ұсталық цехтарын жаңадан салу туралы мәселелер қойып жүр, ал оның бер жағында көзіргі өндірістік қуаттар нашар пайдаланылады. Көптеген кәсіпорындарда өндіріс алаңдарының бір шаршыметрінен алынатын құйылған және шыңдалған бұйымдар өте төмен.

Станок жасау және аспап жасау өнеркәсіп министрлігінің Тбилисидегі «Центролит» зауытында өндіріс алаңының әрбір шаршыметрінен алынатын құйылған бұйымдар Москваның «Станколит» зауытындағыдан 70 процент кем болып отыр, ал бір жұмысшыға өнім өндіру, осы министрліктің Ленинградтағы «Станколит» зауытымен салыстырғанда, шамамен 2 есе аз болып отыр.

Ауылшаруашылық машиналар жасау заводтарының ұсталық цехтарында өндіріс алаңының әрбір шаршыметрінен шыңдалған бұйымдар алу және бір жұмыс-

Москваның Калинин атындағы фабрикасының жиі пірушісі Серафима Котованың бригадасы, машиналар жұмысының шапшаңдығын арттыру, иірілген жіптің салмағын молайту және жіптің арасын айырып тұратын қосымша қондырғы есебінен жіптің үзілуін кеміту нәтижесінде жабдықтардың ең өнімді жұмыс істеуіне жетті. Егер Калинин атындағы фабрикада жиі пірушілердің барлық бригадалары Серафима Котованың бригадасының жұмыс әдісін меңгерген болса, онда 200 мың метр костюмдік жүн маталар тоқуға жететіндей мөлшерде қосымша жіп піруге болар еді.

Монино комбинаты мастерінің көмекшісі Капралов жолдастың бригадасы, тоқыма станоктарының көбейтілген тобын қамту жұмысына көшіп және станоктарды графика бойынша үнемі тыңғылықты қарау, жүргізіп тұру ісін ұйымдастырып, әрбір станоктың мол өнімді жұмыс істеуіне жетті. Тоқыма станоктарының жұмыс өнімділігін Капралов жолдастың бригадасы жеткен дәрежеге дейін арттыру Монино комбинатының өзінде ғана қолда бар жабдықтармен қосымша 1 миллион метрге жуық жүн маталар тоқуға мүмкіндік берген болар еді.

**Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері, техниктері және қызметшілері!** Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерге арнаулы сөзін айтып, озат кәсіпорындар мен өндіріс жаңашылдарының жұмыс әдістерін тезірек меңгеруге, әрбір жабдық өлшемінен өнім шығаруды арттыруға, пилізатты үнемі пайдалануға, көпшілік тұтынатын товарлар шығаруды арттыруға олардың сапасын жақсартып, ассортиментін ұлғайтуға шақырады!

Еңбек өнімділігін арттыруда, қолда бар өндіріс алаңынан, әрбір жабдық өлшемінен өнім шығаруды молайтуда, сонымен қатар өнеркәсіптің басқа салаларының, ағаш, қағаз және ағаш өңдеу, құрылыс материалдары, азық-түлік товарлары, ет, сүт және балық өнеркәсіптерінің өндіріс жаңашылдары мен озат кәсіпорындары да едәуір табыстарға жетуде.

Озат кәсіпорындары мен өндіріс жаңашылдарының тәжірибесі өнеркәсіптің барлық салаларында еңбек өнімділігін арттырудың орасан зор резервтерін ашып беруге, совет адамдары техниканы мінсіз меңгеріп, белгіленген мақсатқа жету жолында қажырлылық көрсетіп, жұмыс әдістерін тынбастан жетілдіріп отырған күнде, олардың қандай табыстарға жете алатынын көрсетуде. Озаттардың өндірістік табыстары өнеркәсіптің барлық қызметкерлері үшін өнеге болып табылады.

**Еңбек өнімділігін тынбастан арттыра беру, таңдаулы кәсіпорындар мен өндіріс жаңашылдарының озат тәжірибесін неғұрлым тез таратып, өндіріске енгізіп отыру — өнеркәсіптің барлық қызметкерлерінің, әрбір жұмысшының, инженердің, техниктің, қызметшінің борышы.** Бұл игілікті міндетті орындауға біздің барлық күшіміз бен барлық ынтымақ жұмылдырылуға тиіс. Бізде арта қалушы бірде-бір кәсіпорын, жұмыс нормаларын орындамайтын бірде-бір жұмысшы мен жұмысшы әйел, жаңа машиналарды, бұйымдарды, материалдарды ойлап табу, оларды жасау әдістерін жетілдіру жолында творчестволық еңбекпен шұғылданбайтын бірде-бір инженер мен техник болмауға тиіс.

**Біз өнеркәсіптің барлық жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерін қолда бар өндіріс алаңдарынан, әрбір жабдық өлшемінен өнім шығаруды арттыруға күш салуға, әрбір қызметкерге шаққанда жоғары сапалы өнімді көбірек шығаруға шақырамыз.**

Соңғы жылдары халық шаруашылығының барлық салалары көптеген мөлшерде жетілдірілген жаңа машиналар мен механизмдер алды. Ауыр және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру кең көлемде жүргізілуде. Өнеркәсіптің электр қуатымен жабдықталуы ұдайы арта түсуде.

Бірақ техникалық прогресс саласында қол жеткен табыстар ғылым мен өнеркәсіптің кейбір қызметкерлері арасында совет адамдарына лайықсыз, өрі жат жай-барақаттану, дандайсу және табысқа мастану ниғылдарын тудырды. Мұндай ниғылдар біздің ісімізге нұқсан келтіреді, техникалық прогреске кедергі болады, сондықтан оларды тезірек және батыл жою керек. Өнеркәсіп қызметкерлері еліміздегі және шетелдердегі ғылым мен техниканың табыстарын үнемі зер салып зерттеп, кеңінен пайдаланып отыруға, техникалық прогресті барлық күшімен тездетуге, Отанымызды тың жаңалықтармен тынбастан байытып отыруға міндетті.

**Біз ғылым мен техника қызметкерлерін, жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлерін, ғылыми-зерттеу институттарының, конструктор бюроларының қызметкерлерін, өнеркәсіп инженерлері мен техниктерін, өнертапқыштар мен рационализаторларды жаңа машиналар жасау, көзіргі жабдықтарды жетілдіріп, жаңалықтар енгізу, жаңа материалдар іздестіру және оларды өндіру әдістерін табу жолындағы жұмысты күшейтуге, ескіге қарсы күрес жүргізбейінше, жаңаны тұрмысқа жедел енгізуге болмайтынын есте ұстап отырып, ғылыми жаңалықтар мен техникалық табыстарды өндіріске белсене енгізіп отыруға шақырамыз. Әсіресе өндірістік процестерді комплексті механикаландыру және автоматтандыру міндеттерін неғұрлым тез шешу ерекше маңызды.**



# Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың ҮНДЕУІНІҢ СОҢЫ

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі мынаны атап көрсетеді: министрліктердің, бас басқармалардың, трестердің, комбинаттардың қызметкерлері жаңа техника мәселелерімен нашар шұғылданады, ғылым мен озат тәжірибенің жоғары сапалы машиналар, жаңа материалдар өндіру саласындағы табыстарын өндірісте игеруді, технологиялық процестерді жетілдіру ісін ете қанағаттанғысыз ұйымдастырып келеді. Мұның себебі сол, министрліктер мен ведомстволардың жұмысында кәсіпорындарға басшылық етудің кеңесшілік-бюрократтық әдістері әлі де жойылмай келеді.

Министрліктердің, бас басқармалардың, трестердің, комбинаттардың қызметкерлері! Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі сіздерді өнеркәсіпке басшылық етуде болып отырған кемшіліктерді неғұрлым тез жоюға, басқару аппаратының жұмысын жақсартып, жетілдіре беруге, оны ұстау шығындарын азайтуға шақырады.

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі министрліктердің, бас басқармалардың, трестердің, комбинаттардың, кәсіпорындардың басшыларын жаңа техниканы өнеркәсіпке енгізу ісін шын мәнісінде басқарып, озат тәжірибені зерттеу және кеңінен тарату жұмысын ұйымдастыруға шақырады.

Біз сөзімізді өнеркәсіп орындарының жұмысшыларына, инженерлеріне, техниктеріне, және қызметшілеріне арнап, оларды — тоғышарлық пен керенаулыққа қарсы мейірімсіз күрес жариялауға, біздің ғылыми-зерттеу институттарымызда, конструктор бюроларында және кәсіпорындарында жасалып жатқан жаңаның, озат істің бәрін өндірісте неғұрлым тез игеруге, жаңа техниканы ілгеріде, мұның өзі сонымен бірге еңбек пен өндірісті ұйымдастыру ісін міндетті түрде жетілдіретіндей, кәсіпорындарды басқару әдістерін жақсартатындай дәрежеге жететін болуға шақырамыз. Тек осындай жағдайда ғана жаңа техника толық пайдаланылатын болады.

Кымбатты жолдастар! Бесінші бесжылдықтың ақырғы жылы аяқталып келеді. Өнеркәсіп бесінші бесжылдық жоспардың өнім шығаруды арттыру жөніндегі тапсырмаларын ойдағыдай орындауда. Бірақ, белгіленген мемлекеттік жоспарды кәсіпорындардың бәрі дерлік орындаған болса, онда біздің табыстарымыз бұдан әлде қайда көп болған болар еді. Ал бізде, мемлекеттік тапсырмаларды едәуір асыра орындайтын кәсіпорындармен қатар, жоспарларды орындамайтын, сөйтіп, өнеркәсіптің бір тектес салаларында өндірістің дұрыс жүргізілуін бұзып, халық шаруашылығына үлкен нұқсан келтіретін кәсіпорындар әлі де көп.

Жоспарды орындамау сияқты масқаралықты үзілді-кесілді жойтын уақыт жетті. Мемлекеттік жоспардың — заң екенін, оны орындау бардырымызға да міндетті екенін есте ұстау қажет.

Біз өнеркәсіптің барлық қызметкерлеріне арнаулы сөзімізді айтып, оларды — үстіміздегі жылы әрбір кәсіпорынның, цехтың және участоктің жоспарды белгіленген номенклатура мен ассортименті бойынша орындауын қамтамасыз етуге, бірқатар кәсіпорындардың жұмысында болып отырған жоспарсыздықты батыл жоюға, өнімнің біржәлкі шығарылауына жол бермеуге шақырамыз. Өнеркәсіптің көптеген салаларында, енальдымен машина жасау өнеркәсібінде өнімнің жартысы дерлік айдың үшінші онкүндігінде шығарылып жүр. Жұмыстағы алтығұшылық қолда бар өндіріс қуатын дұрыс пайдалануға мүмкіндік бермейді, жабдықтар қуатының толық пайдаланылауына, айдың бас кезінде босқа тұруына және айдың аяғында мезгілден тыс жұмыстар істеуге, сонымен қатар шығарылатын бұйымдар сапасының кемюіне әкеліп соқтырады; алтығұшылық біздің өндірісіміздің берекесін кетіреді, әсіресе басқа кәсіпорындар мен кооперациялау арқылы жұмыс істей отырған фабрикалар мен заводтардың жұмысына зиянды әсерін тигізеді.

Біз өнеркәсіп жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерін өндірісті тыңғылықты ұйымдастыруға және өнімді біржәлкі шығарып отыруға, мұның өзі еңбек өнімділігін арттырудың, өнім шығаруды молайтудың едәуір резерві болып табылатынын есте ұстап отыруға шақырамыз.

Кымбатты жолдастар! Отанымыздың қуаты және совет халқының әл-ауқаты өнеркәсіпті өркендету ісіндегі табыстарға, енальдымен оның негізі — ауыр индустрияның өркендету ісіндегі табыстарға байланысты. Олай болса, социалистік өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыруды және Отанымызды жеркөйте беруді қамтамасыз ету үшін күшімізді аямай жұмсайық.

Өнім шығаруды жедел қарқынмен арттыра беру, оның сапасын жақсарту, өзіндік құнын кеміту техникалық прогресті дамыту үшін және еңбек өнімділігін оған әрі арттыру жолымен тынбастан алға баса беру үшін бізде қажетті жағдайдың бәрі бар.

Біз өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінің...

## Петропавл ауданында Дәнді дақылдар егуді аяқтады

Асанов МТС-нің № 6 және № 7 трактор бригадалары Киров атындағы колхоздың колхозшыларымен тығыз ынтымақта жұмыс істей отырып, дәнді дақылдар егу жұмыстарын аяқтап шықты. Олар жеті жұмыс күні ішінде 1200 гектар алаңға жоғары агротехникалық сапада дәнді дақылдар сеугі. Егіс жұмыстарында тракторшылар Шеткин, Телевной, Кириющенко жолдастар қажырлы еңбек етті.

Кәзір колхоз даласында жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егу жұмыстары жүргізілуде. Біржылдық шөп, картоп және овощ егу жұмыстары да кең өріс алды.

### Жүгері тұқымын алу үшін

«Красный пахарь» ауылшаруашылық артели быйыл 350 гектар жүгері егеді. Ал келесі жылы жүгері егісі анағұрлым ұлғайтылмақ. Келесі жылы колхозды жүгері тұқымымен қамтамасыз ету үшін колхозшылар парниктерде 12 мың түп жүгері көшетін өсірді. Таяуда көшеттер тұқымдық участкаға шаршы-ұялы әдіспен отырғызылатын болады.

### Бағалы бастама

Жамбыл атындағы колхоздың мал өсірушілері мал шаруашылығының өнімдерін арттыру үшін күресө отырып, ауданның барлық мал өсірушілерін мал азығының берік қорын жасауға белсене қатысуға шақырған үндеу қабылдады. Олар өз күштерімен 40 гектар жүгері етуге, оның әрбір гектарынан 30 центнерден сүттенің, қамырланып піскен собық, 350 центнерден балғын шөп алуға және оны жыйнап, сүрлеуге қатысуға міндеттенді. Кәзір олар бұл міндеттемені орындауға кірісе бастады.

### Тұрақты құрылысшылар

#### бригадасы

Пушкин атындағы колхозда 10 адамнан құрылысшылар бригадасы ұйымдастырылды. Бригаданы тәжірибелі құрылысшы Макаров жолдас басқарады. Құрылысшылар кәзір 2500 центнерлік астық қоймасын салу жұмыстарын қызу жүргізуде. Сонымен бірге, мал қораларын, жабық қырманларды жөндеу жұмыстары да қолға алынды.

### Фельдшерлік өндісі

## Балалардың жазғы демалысы

Үстіміздегі оқу жылының аяқталуына бір айдан аз ғана уақыт қалды. Облыс мектептерінде бұл күндері кластан-класқа көшу сынақтары мен мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Халық ағарту органдары мен мектеп басшыларының алдында көктемгі сынақтар мен емтихандарды ойдағыдай өткізумен қатар оқушылардың жазғы демалыстарын жақсы ұйымдастыру сияқты зор маңызы бар міндеттер тұр. Коммунистік партия мен Совет Үкметі коммунизмнің болашақ құрылысшылары жас ұрпақтарға әкелік қамқорлық жасап, мемлекет олар үшін, әсіресе олардың жазғы айлардағы мәдениетті демалысын ұйымдастыру үшін көптеген қаржы бөліп отыр. Міндет—осы бөлінген қаржыны орынды пайдаланып, балалардың жазғы демалысын ұйымшылдықпен өткізуде.

Быйылғы жылы Қазақ ССР Министрлер Советі мен еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советі атқомінің қаулысы бойынша облысымызда 21 пионер лагері ұйымдастырылады. Онда 4150 оқушы жаз айларында тынығатын болады. Сол сияқты, өлкетану экскурсиялары мен жорықтарына мыңнан астам оқушы қатысады. Ал балалар үйлері мен балалар бақшалары жаз айларында тынығу орындарына айналуда тиіс.

Балалардың жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастыру үшін халық ағарту органдары комсомол және пионер ұйымдарымен бірлесе отырып, жаз айларында балалардың мәдениетті тынығуын ұйымдастыру жөніндегі нақтылы шараларды белгілеп, оны тез жүзеге асыра бастауға тиіс. Ең алдымен 1 июньге дейін олар денсаулық сақтау орындарымен бірлесе отырып, пионерлер лагері ашылатын жерлерді таңдап алулары, сол сияқты қажетті виллажалар мен үйлерді төртінше келтірулері керек. Сонымен қатар, пионерлер лагерлері мен мектеп жанындағы тынығу алаңдарын қажетті төсек-орындармен, спорт жабдықтарымен толық қамтамасыз етуге тиіс.

Пионерлер лагері үшін кадрларды іріктеп алудың зор маңызы бар. Аудандық оқу бөлімдері аудандық комсомол комитеті мен бірлесе отырып, лагер бастықтарына, ара пионер вожатыйлығына, тәрбиеленушілер мен спорт мұғалімдеріне бұл жұмысты жақсы білетін, балалармен ойдағыдай жұмыс істей алатын іскер оқытушы комсомолдерді іріктеп алуға тиіс. Сол сияқты денсаулық сақтау орындары оқушы балалардың денсаулық жағдайын терең зерттеп, оларды пионер лагерлеріне денсаулық дәрежелері бойынша бөлуді керек.

Балалардың жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастыруда пионерлер лагерлерінде жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар-

### Белсенділік

дың зор маңызы бар. Аға пионер вожатыйлары мен тәрбиешілер және спорт мұғалімдері дем алушы балалардың арасында спорт жұмыстарын кеңінен өрістетіп, сол сияқты жаздық өлкетану жорықтарын тиімді ұйымдастырулары қажет. Бұл үшін ең алдымен пионер лагерлерінде жүргізілетін жұмыс жоспарларын зор ұқыптылықпен жасау аса маңызды шараның бірі.

Пионерлер лагерінің жүргізетін жұмыстарының ішінде мәдени-бұқаралық жұмыстар басты роль атқарады. Сондықтан да мұнда, әсіресе пионерлердің көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысын кеңінен өрістетудің зор маңызы бар. Аудандық оқу бөлімі мен аудандық мәдениет бөлімі комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, балаларға көрсетілетін көркем және ғылым фильмдердің репертуарларын іріктеп алған жөн.

Облыста быйыл ұйымдастырылатын пионер лагерлері барлық оқушыларды қамтиты алмайды. Сондықтан халық ағарту органдары мен мектеп басшылары пионерлер лагерлеріне бармайтын оқушылардың жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастыруға баса назар аударуға тиіс. Бұл үшін ең алдымен мектеп басшылары мектеп жанындағы оқушылардың тынығу алаңдарын қажетті құрал-жабдықтармен жеткілікті мөлшерде жабдықтаулары керек. Әрбір мектеп балалармен жаз күндері жүргізілетін жұмыстардың жоспарын осы бастан жасап, бұл жоспарларда балалардың денсаулығын арттыратын шараларға баса назар аударуға тиіс. Әсіресе мектеп оқушылары еңбек етуге тәрбиеленудің зор маңызы бар.

Балалардың жазғы демалыстарын ойдағыдай ұйымдастыруда сауда орындарын зор міндеттер жүктеледі. Сауда орындары осы бастан пионерлер лагерлері үшін қажетті азық-түліктер мен товарларды аудан орталығына жеткізе бастауы қажет. Ал, финанс органдарының балалардың жазғы демалыстарын ойдағыдай өткізуге арналған шаралар үшін қажетті қаражатты деркезінде бөліп отыруы естен шығармайтын іс.

Жас ұрпақтардың жазғы демалыстарын мәдениетті түрде ойдағыдай ұйымдастыру—бүкілхалықтық іс. Сондықтан жергілікті партия және совет ұйымдарының басшылығымен халық ағарту орындары мен мектеп басшылары, комсомол және кәсіп-одақ ұйымдары, сол сияқты оқушылардың ата-аналар жұртшылығы бұл жұмысқа белсене ат салысулары қажет.

Біздің болашағымыз, үмітіміз—жас ұрпақтардың жазғы демалысын ұйымшылдықпен өткізейік!

А. СЕЙТБЕНОВ,

Облыстық оқу бөлімінің мектеп секторының меңгерушісі.

### Егіншілер үшін

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Жұмысшы жастардың талабы

Николаев қаласындағы № 5 фабрикалық-завод оқуы мектебін бітірген біртеп жастар Петропавлдағы құрастырмалы темірбетон конструкцияларын жасайтын полигонда жұмыс істейді. Олардың көпшілігі балташылар, штукатура жұмысшының мамандары, сырлаушылар. Комсомолдың екінші құрылыстарында істейтін бұл жастар еңбек өнімділігін еселеп арттыру жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Олар сонымен бірге өздерінің жұмыстан бос уақыттарын кеңілді, мәдениетті өткізгісі келеді. Бұл орынды да заңды. Бірақ Петропавл құрылыс тресінің басшылары мен кәсіподақ, комсомол ұйымдары олардың бұл орынды мәдени тілектерін орындауды естен шығарып отыр.

Рас, № 1 участок комсомол ұйымының секретары Л. Вичканова жастар арасында жиі болып тұрады. Бірақ, оның жастармен өлгімесі «еңбек тәртібін сақтау керек, жұмысты жақсы істейтін болайық» деген сөзден аспайды. Құрылысшылар лекция, баяндама ұйымдастыру жөнінде Вичканова жолдасқа талай рет айтқан болатын. Алайда ол «лекция оқыттын маман адам жоқ» деген бөгде сылтауды бетке ұстап, жастардың бұл орынды тілегін орындаудан жалтарып жүр. Апрель айында өлгізілген комсомол ұйымының жыйналысы жатақханада қабырға газетін шығарып тұруға қаулы алып, оны бақылауды Вичкановаға тапсырды. Содан бері едәуір уақыт өтсе де, қабырға газетінің әлі күнге бірде номері шығарылған жоқ.

Жатақханада отырдан аса жас мамандар тұрады. Олардың көпшілігі бұрын спортпен шұғылданған жастар. Олар жұмыстан бос уақыттарында спортпен шұғылдану мақсатымен бұдан бір ай бұрын «Труд» өрікті спорт қоғамының нұсқаушысы Кошнов жолдасқа футбол, волейбол, жеңіл атлетика, бокс секцияларына қатысуға тілек білдірген. Жастардың бұл тілектері де қанағаттандырылмады.

Құрылысшылар үшін қажеті тұрмыстық жағдай да тұғызылмаған. Жатақхана бөлмелерінің іші кір, қайнатылған су мұнда мүлде болмайды, жатақхана комеданты Рамков жолдас жатақханадағы тазалық, тәртіп, жыйнақтылық жұмыстарын ұйымдастырудың орнына үнемі маскүнемдікке салынууда.

Қаламызда көптеп жүргізіліп жатқан құрылыстарды құрастырмалы темірбетонмен қамтамасыз ету жолында қажырлы еңбек етуші жастарға қамқорлық жасаудағы бұл кемшіліктер № 1 құрылыс участогінің басшыларын ойлаңдырап емес.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

### Жарияланбаған хаттың



дың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жа-рысты кеңінен өрістетуге шақырамыз.

Өнеркәсіпте артта қалған бірде-бір саланың, артта қалған бірде-бір кәсіпорын-ның болмауына жетейік; таңдаулы коллективтердің, өндіріс озаттары мен жаңа-шылдарының жұмыс тәжірибесін барлық кәсіпорындарға таратайық.

Жаңа машиналар, бұйымдар, материалдар және оларды өндірудің озат әдістерін жасап, халық шаруашылығына енгізуді тездетейік.

Еңбек өнімділігін барынша арттыру жолында, техниканы жақсы пайдалану, жабдық елшемінен және өндіріс алаңының әрбір шаршыметрін өнім алуды арт-тыру жолында қажырлылықпен күрес берейік.

Өндіріске басшылық ету дәрежесін арттырайық, сын мен өзара сынды кеңінен өрістетейік, жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін тынбастан күресіп отырайық, сөй-тіп өнеркәсібімізді онан әрі мықтап өрге бастыруға жетейік.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне тығыз топтасқан өнеркәсіп қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерді аброймен орындайтынында, сөйтіп, социалистік Отанымыздың қуатын онан әрі нығайтудың және халқымыздың өл-ау-катын арттыра берудің ортақ ісіне лайықты үлес қосатынында күмән жоқ.

Коммунизм орнатуда жаңа табыстарға жету үшін алға баса берейік!

**ӨНЕРКӘСІП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР 1955 ЖЫЛҒЫ 18 МАЙДА БІРАУЫЗДАН ҚАБЫЛДАДЫ.**

даны) тұратын тракторшылар Мищенко мен Губарев кенеттен ауырып қалды. Нау-қастардың өмірі хауіп үстінде екендігі Ильинка ауруханасына хабарландырылды. Бірақ оларға дереу дәрігерлік көмек көре-ту өте қиын еді. Есілдің тасқын суы транспорт қатынасын үзін тастаған бола-тын. Ал қайықпен өтуге сең соғу хауіп бар. Не істеу керек?

—Науқастардың өмірін қайткенде де сақтап қалу керек, —деді медициналық фельдшер Алексей Прокопьевич Логинов.— Мен барамын.

Науқастардың өмірін сақтау керек де-ген ой бойын билеген ол, өз өміріне төн-ген хауіпке қарамастан су бетінде қалқын жүрген сең арқылы арғы бетке өтуге бел байлады. Асқан ептілікпен арғы бетке өткен Логинов колхозға келіп, науқастарға дәрігерлік көмек көрсетті. Науқастардың өмірі сақталып қалды.

**А. УСАЧЕВ.**

ауданы) Чистян МТС-нің № 11 трактор бригадасының құрамындағы он трактор-шы күнделік жұмыс нормаларын толық орындауға жетісті.

Жалпыға бірдей еңбек өнімділігі артуы нәтижесінде бригада дәнді дақылдар отыр-ғызу жоспарын 8—9 жұмыс күні ішін-де толық орындап шықты. Бұл жұмыста Э. Кель, Э. Гофман жолдастар ерекше көзге түсті.

**Қ. ТАУБАЕВ.**

**Жас натуралистер станциясында**

Қаладағы жас натуралистер станциясы өткен жылы Бүкілодақтық ауылшаруашы-лық көрмесіне қатысқан болатын. Стан-цияның 12 жас натуралисі көрменің ме-дальдарымен және грамоталарымен наград-талды.

Быйыл мұнда қала мектептерінің 200-ден астам оқушылары табиғат зерттеу жұмыстарымен шұғылданды. Көзір олар

(Совет ауданы) оқушылары мен оқыту-шылар коллективі «Борьба за коммунизм» колхозының колхозшыларына көктем егісі кезінде көп көмек көрсетуде. Олар сабақ-тан бос уақыттарында тұқым тазалау оны егіс басына тасу жұмыстарына қаты-насады. Жақында мектеп оқытушылары № 1 және № 4 дала бригадаларының қостарына барып, егіншілерге «Тыңдағы махаббат» атты пьеса қойып көрсетті. Пьесадан кейін концерт берілді.

**С. ХАМЗИН.**

тәжірибе участоктерінде жұмыс істеп жүр. Үйірмелерді арнаулы ауылшаруашылық мамандықтары бар А. Назарова, Т. Шерба-кова жолдастар басқарады. Жас натура-листер быйылғы жазда бидайдың бірнеше сорттарын, жүгерінің «Пионерка» сортын, әртүрлі оwoцтыр өсіріп, 200 түп алма және жеміс ағаштарын отырғызабақ.

**Ж. ТӨЛЕУОВ.**

**Иваново-Вознесенск стачкасының елу жылдығы**

Иваново-Вознесенск тоқымашылары жұмысшы табының 1905-1907 жылдардағы революция кезеңіндегі күресінің жауынгерлік шежіресіне тағы бір жарқын бет қосты. Екі жарым айға созылып, 70 мыңға жуық жұмысшыны қамтыған жаппай стачкада олар революциялық табанды-лықтың өнегесін көрсетті.

Иваново-Вознесенск жұмысшыларының стачкасы 1905 жылы 12(25) майда басталды. Стачка РСДЖП-ның большевиктік Солтүстік комитетінің әзірлеуімен және соның басшылығымен өткізілді. Иваново-Вознесенск жұмысшылары әсіресе капиталистік қанаудан күшті қысым көрді. Олар тәулігіне 15-16 сағаттан жұмыс істеді. Жалақы тым аз болды. Ал капиталистер жалақыдан заңсыз ұстап қалулармен, штрафтар салумен және басқа да айла-амалдармен жұмысшылардың ұсы болмашы ғана жалақысын да кемітуге тырысып отырды. Жалақыны кеміту амалдарының бірі жұмысшыларды жалдау туралы договордың жылына екі рет—көктемде және күзде жасалуы болды. Бұл арада капиталистер қысқа кезеңге күн кесуді өздерінің еркінше төмендетіп отырды.

Иваново-Вознесенск жұмысшылары бұдан бұрын да қанаушыларға талай рет қарсы шыққан болатын. 1905 жылы бірінші майда Иваново-Вознесенскінің большевиктік тобы жұмысшылардың жасырын жыйынның ұйымдастырды. Мұнда самодержавиеге қарсы күреске, стачкалар бостандығына шақырған қарар қабылданды. Ал 11(24) майда фабрика және завод жұмысшылары өкілдерінің большевиктер шақырған жыйналысында 12(25) майда жаппай стачка бастау туралы қарар қабылданды. Осы жыйналыста жұмысшылардың пар-

тия ұйымы белгілеп берген талаптары бекітілді. Бұл талаптар негізінен эконо-микалық сыйпатта болды. Мұнымен қатар, жұмысшылар сөз және жыйналыс бостандығы, одақтасу және стачкалар бостандығы, барлық азаматтар үшін жалпыға бірдей, төте, жасырын және тең сайлау правосы негізінде құрылтай жыйналысын дереу шақыру сияқты саяси талаптар да қойды.

12(25) майда стачка басталды. Фабрикалар бірінше соң бірі тоқтаумен болды. 13(26) майда бірде бір кәсіпорын жұмыс істемеді. Жалғыз тоқымашылар ғана емес, сонымен бірге теміржолшылар, баспахана қызметкерлері мен қолөнершілер де (бұлардың барлығы Иваново-Вознесенскіде 14 мыңға жуық адам еді) ереуілге шықты. Бұл күні большевиктер қаланың орталық алаңында жұмысшылардың зор демонстрациясы мен митингісін ұйымдастырды. Митингте сөз сөйлеген большевиктік ше-шендер жұмысшыларды өздерінің талап-тарын жүзеге асыру жолында ұйымшыл-дықпен және табандылықпен күрес жүргі-зуге шақырды. Жұмысшылардың қала орталығындағы жыйналыстары стачканың алғашқы күндерінде күн сайын болып тұрды. Одан әріде мұндай жыйналыстар Талка өзенінің жағасында, орман қойна-уында өтетін болды. Бұл жерге жұмысшы-лар күн сайын таңертеңнен бастап стач-каның барысын және соған байланысты барлық мәселелерді талқылау үшін жый-налып отыратын. Мұнда большевиктер насихатшылық жұмыс та жүргізді, саяси тақырыптарда лекциялар оқып, елде бо-лып жатқан оқиғалардың мәнін түсінді-ріп отырды.

Стачкаға басшылық ету үшін жұмыс-шылар өкілдер Советін сайлады. Оған

таңдаулы өкілдер, белсенді және жұмысшы табының ісіне берілген адамдар ұсыныл-ды. Өкілдер Советіне 151 адам енді. Сай-ланғандардың үштен екісі жұмысшыларға жақсы таныс большевиктер болды.

Өкілдер Советі өкмет орындарымен, фабрика инспекторымен және фабрикант-тармен ереуілшілер атынан келіссөздер жүргізді, жұмысшылардың талаптарын қанағаттандыру үшін күресө отырып, стачканы жүргізе беру үшін және өте-мөте мұқтаждық көріп отырған жұмысшы-лар мен олардың семьяларына материал-дық көмек көрсету үшін қаражат іздестір-ді, жұмысшылар кооперативі арқылы жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтап тұруға және стачкашылар мен олардың семьяларының басқа да мұқтаждары мен тілектерін қанағаттандыруға қажырлық көрсетіп отырды. Бірақ Советтің қызметі тек мұнымен ғана шектелген жоқ. Ол шарап сағатын барлық дүкендерді стачка кезінде жаптыртып тастады, құмарпаз ойындарға тыйым салып, жұмысшылар арасында зор саяси-тәрбиелік жұмыстар жүргізді.

РСДЖП-ның Солтүстік комитеті және М. В. Фрунзе мен Ф. А. Афанасьев басқар-ған Иваново-Вознесенск большевиктік ұйымы өкілдер Советінің қызметі мен стачканың барысына бағыт беріп отырды. Большевиктер жұмысшыларға саяси тәр-бие беру жөнінде, олардың революциялық белсенділіктерін арттыру жөнінде зор жү-мыстар жүргізді.

Өкілдер Советінің ұсынысы бойынша 23 майда (5 июльде) Иваново-Вознесенскі-де саяси демонстрация өткізілді. Өздерінің қуаты мен ұйымшылдығын, капиталистер мен самодержавиеге қарсы күрес жүргізуге өздерінің берік бел байлап отырғандық-

тарын салтанат етіп, жұмысшылар рево-люцияшылар өлеңдер айтумен, қызыл ту ас-тына топтасып, көшеге шықты. Демонс-трацияшыларға қарсы казактар жіберілді, олар демонстрацияны ыдыратпаққа және оны орталық алаңға жақындатуға ты-рысты. Алайда жұмысшылар алаңға жый-налып қалды. Демонстрацияшылар арасы-нан: «Жойылың самодержавие, жойыл-сын ол, өлім келсін оған!» деген дауыстар шығып тұрды.

Иваново-Вознесенск жұмысшыларының саяси демонстрациясынан үрейі ұшып, өкмет орындары мен буржуазияның бере-кесі қашты. Осы қыр көрсетудің ықпалы-мен фабриканттар жұмысшылардың та-лаптары жайында өкілдер Советімен келіс-сөздер жүргізуге кірісті.

Иваново-Вознесенск жұмысшыларының стачкасы барған сайын құлашын кең жап-түсті. Оларға Шуяның, Кохманың, Леж-невтің, Середаның және Владимирск гу-берниясының басқа да өнеркәсіп аудан-дарының тоқымашылары, барлығы 40 мыңнан астам адам келіп қосылды.

Патшалық өкмет орындары ержүрек Иваново-Вознесенск жұмысшыларының өздері ешкімнен сұрамай-ақ сөз, баспасөз және жыйналыстар бостандығын енгізген-дігімен, өкілдер Советінің басшылығымен жұмысшылар бұқарасы топтасқан және ұйымдасқан күшке айналғандығымен, пролетариат күресі көрінеу саяси сыйпат алып баражатқандығымен келісе алмады. Владимирск вице-губернаторы жұмысшы-ларды қанды қырғынға ұшыратты. 2(15) июльде ол жұмысшы жыйналыстарына тыйым салынғанын жариялады, ал 3(16) июльде, жұмысшылар бұрынғыдай, Талка-ға жыйналған кезде, оларға казактар ша-буыл жасады. Нәтижесінде—көптеген жұ-мысшылар жараланды және өлді.

Патшалық өкмет орындарының қылмы-сы жалғыз Иваново-Вознесенск жұмыс-

шыларының ғана емес, сонымен бірге бас-қа қалалардағы пролетарлардың да қатты ашу-ызасын келтірді. Партияның Москва-лық комитеті патша жөндеттерінің жаңа аюандығына жауап ретінде жұмысшылар-ды қарулы көтеріліске әзірленуге шақыр-ды. Полиция мен фабриканттарға қарсы белсенді күресті өрісеткен жұмысшылар-дың тегеуіріне төтеп бере алмай, өкмет орындары тыйым салуды тоқтатуға және Талкадағы жыйналыстарға тағы да рұқсат беруге мәжбүр болды.

Стачкашылар күресті тоқтатпастан жүргізе беруге бел байлаулы еді, алайда олардың күштері әлсіреп бара жатты, материалдық қаражаттары таусыла баста-ды, табан тіресу барған сайын қиыны бола беруге айналды. Ереуілшілердің қиын жағдайын және өкмет орындары-ның күшейе түскен жазалау шараларын ескере отырып, өкілдер Советі ереуілді тоқтату туралы және күш жыйнап алып күресті қайтадан бастау үшін жұмысшы-ларды 1(13) июльден бастап жұмысқа кі-рісуге шақыру туралы 27 июльде (10 июльде) қарар қабылдады.

Бірінші (13) июльде фабриканттары жұмысшылардың талаптарына көнген кәсіпорындарда жұмысшылар жұмысқа қайтадан шықты. Қалған фабрикаларда ереуіл созыла берді. Алайда жұмысқа кі-ріскенімен де тоқымашылар күресті тоқтат-пады. Олар партияның III съезінің қарар-ларына сөйкес, ешкімнен сұрамай-ақ се-гіз сағаттық жұмыс күнін өздері жүзеге асыра бастады. Жұмысшылардың негізгі көпшілігі стачканы 1905 жылы 23 июль-де (5 август), яғни стачка басталған-нан кейін екі жарым ай дерлік өткеннен кейін ғана аяқталды.

Жетпіс екі күнге созылған стачканың Иваново-Вознесенск жұмысшылары үшін зор маңызы болды. Бұл уақыттың ішінде

**«БІРҚАЛЫПТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ»**

Осы тақырыпта редакцияға түскен тіл-ші хаты тексеріске жіберілген болатын. Онда Совет аудандық комсомол комитеті өз жұмысына атүсті қарағандықтан кол-хоздағы, совхоздағы комсомолецтердің мал фермаларында жұмысқа өте аз араласа-тындықтары, сол сияқты оқу үйлерінің, клубтардың, қызыл мүйістердің жұмысына комсомол ұйымдарының басшылық ет-пейтіндіктері, аудан көлеміндегі жастар-дың көпшілігі комсомол қатарына тартыл-май отырғандығы жазылған-ды.

Бұл мақала жөнінде ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Ж. Пүрпейісов жолдас редакцияға мынаны хабарлады: мақала тексеріліп, ҚЛКЖО Совет аудандық комитетінің бюросында қаралды. Ондағы фактілер анықталып, көрсетілген кемші-лікті жою жөнінде нақтылы шаралар бел-гіленді.

олар саяси тәрбие алудың ұлы мектебінен өтті, таптық шайқастарда шынықты, ре-волюциялық күрестің зор тәжірибесіне ие болды. «Иваново-Вознесенск стачкасы,— деп жазды В. И. Ленин,— күтпеген жер-ден жұмысшылардың саяси жағынан кө-міл өсіп жетілгендігін көрсетті. Барлық орталық өнеркәсіп ауданындағы наразы-лық осы стачкадан кейін-ақ үздіксіз кү-шейіп, кең етек алды» (В. И. Ленин, Шы-ғармалар, қазақ тілінде, 9-том, 344-345-беттер).

Қажырлы да ауыр күресте жұмысшылар фабриканттар тарапынан болған кейбір жеңілдіктерге жетісті. Бірақ Иваново-Воз-несенск пролетарлары бостандыққа және өздерінің жағдайларын жақсартуға жеткі-зетін жол, қанаудан және царизмнің езгі-сінен азат етуге апаратын жол— само-державие мен капитализмге қарсы револю-циялық күрес жүргізу екенін түсінді.

Жаппай жазғы стачка кезеңінде жый-налған аса зор күрес тәжірибесі мен саяси шыныққандықтары Иваново-Вознесенск жұмысшылары 1905-1907 жылдарда оған әрі болған революциялық ұрыстарда кеңі-нен пайдаланып отырды.

1917 жылы февраль революциясында, Ұлы Октябрь социалистік революциясын-да, азамат соғысы жылдарында Иваново-Вознесенск жұмысшылары бостандық жо-лындағы, социалистік революцияның же-ңісі жолындағы, оның жеңістерін нығайту жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында болып келді.

Қарт ұрпақтардың жауынгерлік дәстүр-лерін өнеге тұта отырып, Ивановоның және Ивановск облысының еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен бүкіл совет халқымен бірге коммунистік қоғам орнатуда.

**Г. ИСАКОВ,**



### Ханойдағы митинг

ПЕКИН, 23 май. (СОТА). Синьхуа агенттігі президент Хо Ши Миннің 65 жылдығына және Солтүстік Вьетнамның азат етілуіне арналған Ханойда көп мыңдаған адамдар қатысқан митинг болғандығы туралы Вьетнам информация агенттігінің хабарын хабарлайды.

Ұлттық жыйналыс президиумының председатели және Вьетнамның ұлттық бірлестік майданы ұлттық комитетінің председатели Тон Дук Танг өзінің кіріспе сөзінде Хо Ши Миннің өмірі мен қызметінің Вьетнам ұлт-азаттық революциясымен бүтіндей байланысты екенін атап өтті.

Қорғаныс министрі генерал Во Нгуен Зиан өзінің сөзінде Вьетнам халқы жеңісінің және Солтүстік Вьетнамның толық азат етілуінің маңызын атап көрсетті. Вьетнамның Солтүстік бөлігінде 80 жыл бойына созылған империалистік үстемдікті құртып, деді Во Нгуен Зиан, Вьетнамның осы бөлігінің 13 миллион халқы өз территориясының шын мәніндегі қожасы болды, енді олар азат және бақытты тұрмыс құра алады.

Генерал Во Нгуен Зиан вьетнам халқы атынан президент Хо Ши Минге, вьетнамдық Лао-Донг партиясына және ВДР үкіметіне қол жеткен табыстары үшін алғыс айтты. Митингке ұлттық жыйналыс президиумының мүшелері, министрлер мен министрлердің орынбасарлары, Лао-Донг партиясы Орталық Комитетінің мүшелері және Вьетнам ұлттық бірлестік майданының өкілдері, Вьетнамдағы байқау және бақылау жөніндегі халықаралық комиссияның, дипломатиялық қорғаныстың өкілдері қатысты.

### Қытайда жұмысшыларды өнеркәсіптегі басшы қызметтерге ұсыну

ПЕКИН, 23 май. (СОТА). Өндіріс командирлері болған Қытай жұмысшыларының саны жылдан-жылға көбейіп келеді. «Наньфанжибао» газетінің хабарлауына қарағанда, Кантоуда, Сватоуда, Фошаниде, Хайкоуда және Гуандун провинциясының басқа да қалаларында өткен жылдың аяғы мен үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіпте басшы қызметке 600-ден астам адам жоғарылатылған. Өнеркәсіп орындарының директорлығына және директордың орынбасарлығына отызға жуық азамат, цех бастығына және цех бастығының орынбасарлығына 200-ден астам адам тағайындалған.

Басшы қызметтерге ұсынылған жұмысшылар алған техникалық білімдерін практикалық тәжірибемен ұштастыры отырып, өндірістік тапсырмаларды орындауда жаңа табыстарға жетуде.

### Румынияда энергетика өнеркәсібінің өркендеуі

БУХАРЕСТ, 22 май. (СОТА). Румынияның халық шаруашылығын электрлендірудің 1950 жылы жасалған жоспарының сәйкес соңғы үш жыл ішінде Дойчештьте Георгиу-Деж атындағы жылу-электр станциясы, Добрудже овидиу-2, Трансильвани мен Молдоведегі электр станциялары және Морсеньдегі су электр станциясы қатарға қосылды. Бірсыпыра ескі электр станциялары жаңа жабдықтармен жабдықталды. Өткен жыл ішінде электр станцияларының өндірістік қуаттылығы 113800 киловатқа арттырылды.

Биназда В. И. Ленин атындағы елдегі ең ірі су орталығының құрылысы және басқа да ірі электр станцияларының құрылысы табысты жүргізілуде.

Елді электрлендіру жоспарының жүзеге асырылуы нәтижесінде кезір 1950 жылғына қарағанда электр қуаты екі жарым еседен гөрі артығырақ алмады. 1954 жылы электр беретін линияның ұзындығы 370 километрге арттырылды. Бесжылдықтың жылдарында электрлендірілген селолар саны 1945 жылғымен салыстырғанда 3 еседен аса көбейді.

### Чехословакия ұлттық жыйналысының шетелдер комитетінде

ПРАГА, 23-май. (СОТА). Бүгін Чехословакия Республикасының ұлттық жыйналысы шетелдер комитетінің мәжілісі болып, онда Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесіне қатысушы 8 мемлекет қол қойған достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор талқыланды.

Сыртқы істер министрі Вацлав Давид баяндама жасады.

Шетелдер комитеті договордың халықтық-демократиялық Чехословакия үшін зор маңызы барлығын атап өтіп, достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Варшава договорын бейбітшілік ұлттық жыйналыстың сессиясына ұсынатын қаулыны бірауыздан қабылдады.

### ИНДИЯ ҮКІМЕТІ «КОМИНСТЕРДІҢ» ТАРАТЫЛУЫНА ТЫЙЫМ САЛУҒА ҮЙҒАРДЫ

ДЕЛИ, 23 май. (СОТА). «Стейтмен» газеті былай деп хабарлайды. Индия үкіметі қантөрттік және осыған ұқсас мазмұндағы өңгімелер басылатын «Коминстердің» Индияда таратылуына тыйым салуды ұйғарды.

Үкімет Индия парламентінің табу уақытта болатын сессиясында тиісті заң жобасын енгізуге ниеттеніп отыр.

### ИДЕН МЕН МАКМИЛЛАННЫҢ САЙЛАУ АЛДЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІ

ЛОНДОН, 22 май. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарлауына қарағанда, Англияның премьер-министрі Иден кеше кешке телевидения жүйесі арқылы берілген өзінің сайлау алдындағы сөзінде былай деген: төрт державаның «ең жоғары дәрежедегі» кеңесі таяудағы бірнеше аптаның ішінде болады және ол егер қажет болған болса, бір ғана емес, мұндай өкілдердің болуына да келіседі. Иден былай деді: төрт державаның «ең жоғары дәрежедегі» кеңесі «біз істеуге тура келетін және бірнеше айға созылуы мүмкіндігі бар жұмыс программасы үшін тамаша бастама болып табылуы мүмкін». «Ортақ стокхольм басында» талқыланатын сұрақтардың ішінде талқылануға тиісті деп Иден «сүтегі бомбасы, қарусыздандыру және болашақ Германия проблемалары» атаған және олардың реттелетіндігіне үміт білдірген.

Сыртқы істер министрі Макмиллан да кеше Бромлинде (Кент графтығы) сайлау алдында сөз сөйлеген. Ол өз тарапынан былай деп мәлімдеген: төрт державаның келіссөздері осы жазда болады және оның халықаралық шиеленісті бәсеңдету мақсатында үкіметтер басшыларының тағы бір кездесуін тудыруы мүмкін.

### КАНАДАДАҒЫ СТИХИЯЛЫҚ АПАТ

НЬЮ-ПОРК, 23 май. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Галифакста (Канада) хабарлауына қарағанда, Жаңа Шотландия провинциясында төрт жерде орман өрті шыққан. Бұл өрт бірнеше жүздеген шаршы километр алаңды қамтып, Ливерпуль, Бриджвотер және Маунт-Униак қалаларына қатер төндірді. 30 метр биіктікке жететін жалын бұл қалалардың шет аймақтарына жақындап келді. Шаплада (Онтарио провинциясы) 28 мың гектар алаңды қамтыған орман өрті Илестоун және Пелербелл поселкелерінің жойып жіберу қатерін төндірді. Болған шығындар миллиондаған доллар болып есептеледі.

Манитоба провинциясында плотинаның бұзылуы салдарынан 20 мың гектар егіндікті су алып кетті. Судың тереңдігі 3 метрге жетеді. Бұдан келген шығын 2 миллион доллар болып отыр.

### АМЕРИКАН ӘСКЕРЛЕРІН ИТАЛИЯДА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖОСПАРЫ

# Халықаралық шолу

## ХАЛЫҚТАР — БЕЙБІТШІЛІК

### КҮЗЕТІНДЕ

Бейбілғы майдың бірінші жартысында бірқатар маңызды халықаралық оқиғалар болды. Бұл оқиғалар Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, бүкіл демократия және социализм лагерінің бейбіт қатар өмір сүру саясатын, халықаралық шиеленісті бәсеңдету және барлық елдердің арасында, олардың мемлекеттік және қоғамдық құрылысының қандай өсіміне қарамастан, сенім мен ынтымақты қамтамасыз ету саясатын қандай дәйектілікпен және бұлжымастан жүргізіп отырғанын айқын көрсетті. Қару-жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатерін жою мәселелері жөнінде барша жұртқа жарияланған Совет Одағының ұсыныстары, Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шаралар қолданылған сегіз мемлекеттің Варшава кеңесі, демократиялық және тәуелсіз Австрияны қайта тудыру туралы мемлекеттік договорға Венада қол қойылуы осындай оқиғалардың қатарына жатады.

Бұл тарихи документтердің бәрі, барлығын тұтасымен алғанда да, орқайсысын жеке-жеке алғанда да, Совет Одағы мен бүкіл демократиялық лагердің баянды бейбітшілікті қамтамасыз етуден басқа зор тілегі жоқ екенін, егер даулы мәселелерді реттеуге екі жақтан да шын ниетпен ұмтылған талап көрсетіле, мұндай мәселелерді реттеуге өбден болатындығын бүкіл дүние жүзінің есіне тағы да салды.

Прогрессивті демократиялық жұртшылық қана емес, сонымен бірге байсалды оқылғын қосшылар топтарының өкілдері де майдың бірінші жартысында болған халықаралық оқиғаларды дәл осылай деп бағалауда. Бұл жағынан алғанда Голландияның буржуазиялық «Алгемейн дагблад» газетінің жасаған ескертпесінің ерекше мәні бар. «Орбестар,—деп жазды газет,— барлық жерде де ымыраға келуге ұмтылған талабын көрсетіп отыр. Австрия мәселесі реттелді. Төрт державаның кеңесін өткізу туралы келісімге қол жетті. . . Соғыс тұтқындары Совет Одағының еліне қайтарылуға және Совет Одағы АҚШ-пен делегациялар алысуда». Осының бәрімен байланысты батыста, деп жазды газет бұдан кейін, «көзіндік өзінде. . . бастапқы қадам ретінде қорғанысқа миллиардтаған қаржы жұмсауды тоқтатқан. . . дұрыс болмас па екен деген сұрақты өздеріне қоя бастады».

Франциядағы, Англиядағы, Швециядағы және басқа батысевропалық елдердегі көптеген буржуазиялық газеттер мен қоғам қайраткерлері де осындай рухта пікірлер айтуда. Рас, бұлардың кейбіреуі

рып, бұл газет АҚШ-тың халықаралық шиеленісті күшейту үшін барлық шараларды қолдануын талап еткен.

АҚШ-та «қырғиқабақ соғыс жүргізу үшін бас штаб» құру жайындағы сенатор Линдон Джонсонның ұсынысы—осындай талаптармен тікелей сабақтас болып отыр, мұндай «штаб» «тарихтағы ең зор саяси шабуылды жасай» бастар еді. Шпиондық жасағаны үшін Қытай Халық Республикасының органдары сотталған американдарды азат ету үшін Қытайға әскерлер жіберуге шақырған сенатор Маккартидің есуастық үні де осындай талаптармен сабақтасып отыр.

Джонсон мен Маккартидің мұндай үндері—халықтардың бейбітшілік жолындағы, халықаралық шиеленісті бәсеңдету және барлық елдер арасындағы ынтымақ жолындағы қозғалысы күшейе түскен кезде американдық финанстархиясының топтарында туып отырған абыржушылықтың айқын айғағы. Джонсондар, маккартилер және АҚШ-тың ең қуатты капиталистік монополияларындағы олардың қожайындары қаншама есуастықпен жанталасса да, бұл қозғалыс онан әрі өрістеп, ұлғая береді.

### АҚШ ОНАН ӘРІ ЖАНТАЛАСА

#### ҚАРУЛАНУДА

Совет Одағы қару-жарақты азайту туралы өзінің жаңа ұсыныстарын барша халыққа жариялаған күндерде, АҚШ-тың өкілдер палатасы қорғаныс министрлігінің қажеттеріне қаржы бөлу туралы заң жобасын қабылдады. Бұл заң жобасы бойынша АҚШ-тың 1956 бюджет жылына арналған тікелей соғыс шығындары бейбілғы жылғы шығындармен салыстырғанда 3 миллиард доллар дерлік артып, оның сомасы 31,5 миллиард шамасында болады. Тікелей соғыс шығындарын осышалық көрнеу арттыру, Лондондағы газеттердің бірінің ескерткеніндей, американдық билеуші топтарының «күш көрсету тұрғысынан» жүргізілетін өз саясатынан бастаршысы келмейтінін, қайта мұның керісінше, бұл саясатты онан әрі жүргізуге ниеттеніп отырғанын көрсетеді. АҚШ президенті Эйзенхауэрдің жуырда баспасөз конференциясында: сыртқы саяси тұрмыстың түбірлі мәселелеріне «батыс. . . бұрын өзінің қарамағында болып келгендегіден анағұрлым зор күш көрсету тұрғысынан қарайды» деп мәлімдеме жасағаны тегін емес.

Американдық және Құрама Штаттар басқа батыс державаларына күшпен қабалдатқан «күш көрсету тұрғысынан» жүргізілетін саясаттың практикалық белгілерінің бірі жанталаса қарулану, соғыс шығындарын арттыру болып табылады. АҚШ-та ғана емес, сонымен бірге агрессияның Солтүстік американдық басын

лары» деген сылтаумен жүргізіліп жатқан соғыс өзіндіктерін күшейте түсуде. Құрама Штаттарда, АҚШ компартиясы Ұлттық комитетінің председатели Уильям Фостердің жуырда атап көрсеткеніндей, мұндай саясатты жақтаушылардың негізгі екі тобы бар. Көзіндік уақытта үстем жағдайда отырған бұл топтың бірі соғыс өзіндіктері: «өзіміз өзін болғаннан кейін дереу соғыс бастаймыз» деген ұранмен жүргізуде. Вице-президент Никсон, генерал Маккартур, адмирал Редфорд, сенатор Маккарти сияқты ең есуас реакционерлер құрамына кіретін екінші топ «дереу соғыс бастау» саясатын жүргізуді талап етуде. Тактикалық мәселелердегі көзқарастарының айырмашылығына қарамастан, бұл екі топтың өкілдері «күш көрсету тұрғысынан» жүргізілетін саясат жөнінде бірауызды болып отыр.

Совет Одағының бейбітшілік саясаты халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қолайлы жаңа жағдай тудырып отырған кезде, АҚШ-тың, Англияның және Францияның билеуші топтары соғыс өзіндіктеріне жұмсалған қаржыны онан әрі арттыра түсуде. Батыста жанталаса қарулануды көрнеу күш көрсеткен сыйпатта күшейтілетін бейбітшілікті сақтауға және баянды етуге ұмтылып отырған адамзаттың орасан көпшілігінің мүдделеріне қайшы келуде.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ

#### ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БІРЛІГІ ҮШІН

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясы Аққару бюросының жуырда Москвада болып өткен 27-ші сессиясы кезінде есте қаларлық бір кездесу болды. 14 майда ССРО-да қонақ болып жүрген Англияның құрылысшылар кәсіподағы федерациясының мүшелері осы сессияға келді. Делегацияның басшысы Джек Стенли және КБФ бас секретары Луи Сайян сессияға қатысушылардың ағылшындық қонақтармен кездесуі халықаралық кәсіподақ қозғалысының бірлігі қалпына келтіру жолындағы қадам болып табылады деп атап көрсетті.

Жұртқа мәлім, АҚШ-тағы, Англиядағы және кейбір басқа елдердегі кәсіподақтардың оңшыл басшылары халықаралық кәсіподақ қозғалысын бөлшектеу саясатын жүргізіп келеді. Дәл олардың қысымы жасауы салдарынан 1949 жылы американдық, ағылшын және кейбір басқа кәсіподақ ұйымдары КБФ-дан шығып, «еркін кәсіподақтардың Халықаралық конфедерациясы» (ЕКХФ) дейтінді құрған болатын. Бірақ жиһілдердің бұл әрекеттері кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясының күші мен бірлігін мызғыта алмады. Бейбітшілікті қорғау мақсатында



## күшейту үшін

РАНГУН, 23 май. (СОТА). «Бирман» газетінің хабарлауына қарағанда, кеше Рангунде болған салтанатта «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Бирманың прогресшіл қайраткері Такин Кодо Хманг бейбітшіліктің Сталиндік сыйлығының ақша бөлімшесінен Бирманың мәдени, дінн тағы басқа ұйымдарына ақнадай көмек ұсынаған.

Салтанатты сөз сөйлеп, Такин Кодо Хманг былай деді: «Бүкіл дүние жүзі-

нің халықтары бейбітшілік үшін күресуде. Мен Бирма да осы күреске шың тейілімен қосылып, басқа халықтармен бейбітшілік жемісін пайдалануға тиіс деп есептеймін». Бұдан әрі Такин Кодо Хманг былай деп мәлімдеді: Барлық саяси партиялар бейбітшілік жолындағы бүкілхалықтық күреске бірігуге тиіс. Идеологиялық алшақтықтар, деп атап өтті ол, бұл партиялардың берік бейбітшілікке жету жолында барлық күштерін жұмылдыруына бөгет жасауға тиіс емес.

## Аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне әзірлік

ПАРИЖ, 23 май. (СОТА). Францияда аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне әзірлік өткізілуде, бұл конгресс 7 июльде Парижде басталады. Француздық әзірлік комитеті бюллетень шығарып, онда мұндай комитеттердің Аргентинада, Бразилияда, Канадада, Данияда, Чилиде, Жапонияда, Голландияда тағы басқа елдерде құрылғандығы хабарланған.

Халықаралық әйелдер қозғалысының белгілі қайраткері Эжени Коттонның бағалауы бойынша, конгресс «аналардың соғысқа және қайыршылыққа қарсы жалпы манифестациясы» болады.

Францияның ең ірі кәсіподақ ұйымының — жалпы еңбек конфедерациясының қауымында былай делінген: «Барлық әйелдердің топтасуына мүмкіндік беретін конгресс әзірлік еңбекші әйелдердің олар үшін ең маңызды мәселе—олардың балаларының өмірін қорғаудағы бірлестігін нығайтуға көмектесуге тиіс. Оның үндеуі халықтардың бейбітшілік жолындағы күресінде маңызды оқыға болмақ».

Жалпы еңбек конфедерациясы барлық кәсіподақ ұйымдарын аналардың Бүкіл дүниежүзілік конгресіне әзірлік жөніндегі науқанды белсене қолдауға шақырады.

## ЖАПОН-СОВЕТ ҚАТЫНАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН

ПЕКИН, 23 май. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, бүгін Жапонияның астанасында солшыл және оңшыл социалистік партиялардың кеңесі болып, онда жапон-совет қатынастарын қалыптастыру үшін Хагояма үкіметіне қандай түрлі болмасын көмектер жасау ұйғарылған. Социалистік партиялар Құрама Штаттардың және басқа елдердің араласушылығына жол берместен, Совет Одағымен ашық позицияда келіссөздер жүргізуін үкіметтен талап еткен.

## Оңтүстік Вьетнамға күшпен әкетілген азаматтардың Хайфонға қайтып келуі

ПЕКИН, 22 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Ханойдан былай деп хабарлайды:

Оңтүстік Вьетнамға зорлап көшірілген 2 мыңнан астам азаматтар 20 майда Хайфонға қайтып келді. Оларды Хайфонның

## ГВАТЕМАЛАДА ПОЛИЦЕЙЛІК ТӨРТІПКЕ ҚАРСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 23 май. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі Гватемала қалаларынан Кастильо Армастың үкіметіне және оның жүргізіп отырған саясатына қарсы наразылықтың өсе түсіп отырғандығы туралы хабарлайды.

Тілшінің айтуына қарағанда, студенттер Армастан жазырып «коммунизмнен қорғану комитетін» таратуы, әлеуметтік және экономикалық прогресті қамтамасыз етуге шаралар қолдануды талап еткен. Юристердің ұлттық ассоциациясы үкіметтің сот органдарының жұмысына араласпауын талап еткен.

халықтық әскери-әкімшілік комитетінің өкілдері құттықтады.

Көптеген адамдар ауруға шалдығып, жыртқық киімдер киіп қайтты. Жуық арада Нго Динь Дьем әскерлері мен оппозициялық топтардың арасында болған соқтығыста жараланған азаматтар дереу әскери ауруханаға жіберілді.

РИМ, 23 май. (СОТА). Көзіргі уақытта Австрияда тұрған америкн әскерлерін Солтүстік Италияға жеткізу жөніндегі АҚШ-тың ниеті кейбір ресми хабарлардан да анықталып отырған сияқты.

Сиб информация агенттігі—министрлер советінің председатели Шельбаның руноры мынадай хабар жариялады:

«Италиядағы одақтас әскерлер деп аталатындар туралы мәселе жөнінде біздің саяси топтарымызда Солтүстік-атлантикалық одақ советінде атлантикалық шекара да қорғаныс блогіне аса қажетті болатын шаралар талқылануда деп мәлімдеуде».

Бұл хабарға түсінік бере келіп «Унита» газеті былай деген: бұл мәлімдеме «Италияны плацдармға және алдыңғы қатарлы атом базасына айналдыруға бағытталған жаңадан жүргізіп жатқан келіссөздердің жаңа дәлелдемесі» болып табылады.

Американдық Юнайтед Пресс агенттігі былай деді «Италиялық әскери қайраткерлер мұндай жоспарды жүзеге асыруды жақтауда» яғни олар көзір Австрияда тұрған америкн әскерлерін Италияға орналастыруды жақтауда.

Алайда «Мессаджеро» газеті ресми сыйпаты бар хабарда ең алдымен Австриямен мемлекеттік договорға қол қойылғаннан кейін Италиядағы жағдай «нашарланды ма, болмаса жақсарды ма» дегенді анықтауға шақырады, сонымен бірге бұл мәселе жөнінде «Италия қарулы күштері бас штабының өз пікірін әлі күнге дейін айтып отырғандығын» атап көрсетеді.

«Стампа» газетінің басқа буржуазиялық газеттерден айырмашылығы сол ол «Австрияның бейтараптығы біздің солтүстік шекарамызды қорғаудың элементі болып табылады» деп атап көрсеткен. Газет былай деп жазады: «Көзіргі уақытта абыржушылыққа ешқандай себеп жоқ. Шиеденісті бөсеңдетудің жалпы процесіне кіретін Австрияның бейтараптығы және Россия мен Югославия арасындағы жақындастық, керісінше, халықаралық жағдайдың өрістетілуіне ұнамды элемент болып табылуы мүмкін».

## КАНПУР ТОҚЫМАШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ ӘЛІ ДЕ БОЛЫП ЖАТЫР

ДЕЛИ, 23 май. (СОТА). Канпурда тоқыма кәсіпорындары жұмысшыларының 2 майда басталған ереуілі әлі де болып жатыр. Жұмысшылар еңбек жағдайының нашарлауына әкеп соқтыратын шараларға қарсы наразылық ретінде ереуіл көтеруде.

«Стейтсмен» газетінің жазуына қарағанда, ереуіл барған сайын шиеленіскен түрге көшуде. Кәсіп иелері ереуіл көтерушілерді тәртіп шараларын қолданамыз деп қорқытады.

Ереуілге қатысушыларды тұтқынға алу әлі де тоқталған жоқ.

Одағы саясатының бейбітшілік өкенін мойындап отырғанына қарамастан, АҚШ билеуші топтарының ССРО-ға қарсы бағытталған агрессиялық бағытын қолдауға әлі де шақырып отыр. Бірақ бұл шақырулар, француздық «Либерасьон» газетінің айтуынша, тым сенімсіз, өйткені ол нақты фактілерге қайшы келеді.

Осыған байланысты ССРО мен демократиялық лагерьдегі елдердің бейбітшілік саясаты нәтижесінде, халықаралық шиеленісті бөсеңдетудің мүмкін екендігінен америкн монополияларының үрейленіп отырғандығы өбден түсінікті. Бұл үрейленуі біздің келіп, «Джорнал оф коммерс» газеті былай деп жазды: «... Қырғиқабақ соғыстың бөсеңдетілуі осындағы (яғни АҚШ-тағы) және шетелдердегі (яғни Батыс Европа елдеріндегі) финансе жағдайына елестіріп қарасаң, мұның дереу өзіндік басты нәтижесі қорғанысқа жұмсалатын шығынды азайтқандық болар еді, бұл шығындар Құрама Штаттардағы федералдық үкімет шығындарының 2/3-і болып отыр... Бірақ шығынның мұндай азаюы кәсіпкерлік бөсеңділіктің құлдырауына әкеліп соқтырады». Осыны ескере отырып, газет «қырғиқабақ соғысты» бөсеңдетуден «сақтандырған». Америкн монополияларының жаршысы бола оты-

кіретін басқа батыс елдерінде де соғыс шығындары үздіксіз арта түсуде. Жуырта Англия мен Францияда 1955—1956 жылдарға арналған соғыс бюджеттері туралы мәліметтер жарияланды. Бұл елдерде соғыс шығындары мынадай мөлшерде: Англияда —58 миллион фунт стерлинг, ал Францияда —30 миллиард франк арттырылады. АҚШ-қа төуелді болып отырған басқа да батыс мемлекеттерінде соғыс әзірліктеріне бөлінген қаржының арттырылып отырғаны байқалады. Бұдан біраз уақыт бұрын ағылшынның «Экономист» журналы Солтүстік-атлантикалық блоктегі елдердің соғыс бюджеттерінің артауын көрсететін назар аударарлық мәліметтер жариялады. Ағылшын мәліметтерімен алғанның өзінде ғана, АҚШ-мен ынтаямақтасудың алғашқы төрт жылында Англияның соғыс шығындары 21/4 есе, Францияда —3 есе, Белгияда, Норвегияда және Данияда —3 есе, Италияда —2 есе дерлік, Голландияда —үш есе дерлік артқан, тағысын тағылар. Тіпті Люксембургтің де өзінің соғыс шығындарын екі миллион америкн долларынан он бір миллион долларға дейін арттыруына тура келген.

Бірақ, америкн билеуші топтарының және олармен пікірлестердің ауымымен санасқанын келмейді. Олар «қорғаныс шара-

лардың ираволары мен өмірлік мүдделерін қорғау жолында дәйектілікпен қыймыл жасай отырып, КБФ барлық елдерде барған сайын зор сенімге ие болуда және оның беделі арта түсуде. КБФ Атқару бюросының 27-ші сессиясына кәсіподақтар жұмысына қозғалысының бірлігін орнатуға қол жеткен зор табыстармен келді. Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы бағытталған Демократия Конференциясының ең тамаша айғағы болды, бұл конференцияға 25 елден 1022 делегат, соның ішінде жікшіл басшылар басқарып отырған ЕКХФ мен басқа халықаралық кәсіподақ орталықтарына кіретін кәсіподақтардан 500-ге жуық делегат қатысты.

Кәсіподақ қозғалысының бірлігі жөніндегі күрес соғыс уақытта барған сайын зор көлемде өрістеуде. 250 мың адамды біріктіріп отырған ағылшын электр өнеркәсіп жұмысшылары кәсіподағының конференциясы 17 майда осындай бірлікке шақырған қарар қабылдады. Бұл үндеуді қолдаған кәсіподақ қайраткерлерінің бірі Роберт Маклинан былай деп атап көрсетті: «Кәсіподақтардың халықаралық бірлігі олар үшін жаңа дәуір ашқан болар еді және еңбекшілердің жүрегінде жаңа үміттер тудырған болар еді».

Бұл сөздер сан миллиондаған еңбекшілердің ойлары мен сезімдерін білдіреді.

П. ГРИНИН.

## Совет Одағы өнеркәсіп көрмесінің Буэнос-Айрестегі табысы

БУЭНОС-АЙРЕС, 23 май. (СОТА). Осында ашылған Совет Одағының өнеркәсіп көрмесі Латын Америкасындағы алғашқы советтік өнеркәсіп көрмесі—аса зор табыстарға ие болуда. Совет машиналарымен және товарларымен танысу үшін мыңдаған адамдар көрмеге ағылып келуде. Стендтерде кезек күтіп тұрған адамдар. Көрмеге келушілер тоқыма және электросварка машиналарын, станоктарды, аң терілерін, тоқыма және радиотехникалық бұйымдарды, музыкалық

аспаптарды және басқа экспонаттарды зор ынтамен көруде. Ашық алаңға ірі габаритті машиналар, мұнай және тау-кен жабдықтары, жоғары вольтті қондырғылар, ауылшаруашылық және жолда жүретін машиналар қойылған. Жүкті өлі түсіретін 25 тонналық «МАЗ—525» жүк машинасы картон жыйнайтын комбайн, сүт сауатын қондырғы, қой қыркуға арналған агрегат, тракторлар және басқа да машиналары зор табысқа ие болуда. Барлық машиналар мен агрегаттардың

жұмыс істеп тұрғанын көруге болады. Аргентинаның сауда және кәсіпкер топтары экспонаттарға зор ықылас қойып, совет машиналары мен товарларын сатып алу ниетін білдірді.

Келушілер көрмеге зор баға беріп, Совет Одағының өнеркәсіп саласындағы зор жеңістерін атап өтуде. Көрмеде алғашқы күні 80 мыңнан астам адам болды.

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## 1955 жылдың екінші жартысына облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық кәсіпорындарында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, «союзпечать» бөлімшелерінде кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

## КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«СЕНТЯБРЬДІҢ БАТЫРЛАРЫ»

Сеанстар сағат 5,9 да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«АНДРИЕШ»

Сеанстар 5, 6-30, 7-30, 9-20 және 10-40-ға басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп- транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс,

көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.